

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
РМҚК «Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ»

КӨКШЕЕВА ЗАЙНИ ТАЛАСҚЫЗЫ

«Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру»
Оқу-әдістемелік құрал
(Барлық педагогикалық мамандықтар бойынша)

Ақтау-2012ж

ӘОЖ378:37.0
КБЖ 74.58:74.00
К 67

Пікір жазғандар: Маңғыстау Болашақ институтының
аға оқытушысы, п.ғ.к., доцент Көшербаева Г.А
Ш.Есенов ат. КМТЖИУ, п.ғ.к.,
профессор М.А.Кусаинова
Х.Досмұхамедов атындағы мемлекеттік университеті,
п.ғ.д. Сардарова Ж.Ы.

Көкшеева З.Т.

К 67 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру: Оқу-
әдістемелік

құралы. Барлық педагогикалық мамандықтар үшін. - Ақтау, Ш.Есенов
атындағы КМТЖИУ, 2012. – 63 б

ISBN 978-601-7349-31-8

«Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру» атты бұл оқу-әдістемелік құралда, қазіргі студент - болашақ мұғалім кадрлары дайындауда ЖОО студенттерінің негізгі ғылыми-зерттеу жұмыстарының түрлері: түрліше жазба жұмыстары, ғылыми баяндамалар, рефераттар, ғылыми мақалалар жазу, педагогикалық тапсырмаларды шешу, педагогикалық ғылыми-зерттеу іс-тәжірибелері, шағын зерттеулер, әдебиеттермен жұмыс, курстық және дипломдық жұмыстар т.б. және ол жұмыстарды дұрыс жаза білу, оның студент-жастар тәрбиесіндегі мүмкіншіліктері, құрылымы, түрлері, әдістері мен оларды ұйымдастыру формалары т.б. толықтай баяндалады. Оқулықты мектеп, колледж оқушылары мен ұстаздары және барлық педагогикалық мамандықтар бойынша ЖОО оқытушылары мен студенттері пайдалануға болады.

УДК 378:37.0
ББК 74.58:74.00

Баспаға Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған.

ISBN 978-601-7349-31-8

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2012

Кіріспе

Ел президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстанның болашағы ғылымда екенін ұдайы айтып және бұл саланы дәйекті түрде қолдап келеді. Бұл туралы елбасы «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген болатын.

Осыған сәйкес дайындалған «Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру» атты оқу-әдістемелік құрал - біздің студенттеріміз үшін таптырмас қажетті материал көзі болмақ, онда қазіргі студент - болашақ мұғалім кадрлары дайындауда басшылыққа алатын педагогикалық шарттар, негізгі мәселелер жайлы және студенттердің негізгі ғылыми-зерттеу жұмыстарының түрлері: түрліше жазба жұмыстары, ғылыми баяндамалар, рефераттар, ғылыми мақалалар жазу, педагогикалық тапсырмаларды шешу, педагогикалық ғылыми-зерттеу іс-тәжірибелері, шағын зерттеулер, әдебиеттермен жұмыс, курстық және дипломдық жұмыстар т.б. және ол жұмыстарды дұрыс жаза білу, оның студент-жастар тәрбиесіндегі мүмкіншіліктері, құрылымы, түрлері, әдістері мен оларды ұйымдастыру формалары т.б. толықтай баяндалады.

Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, шығармашылық, тарихи танымдық, педогогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ғылыми сауаттылықты талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу-ғылым мен тәрбие ісіне тереңдей еніп, оқытудың қазіргі заманның жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында: «...экономиканың барлық салалары үшін ғылыммен қаруланған жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың сапасын арттыру...» және «...кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзіретті шығармашыл жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін ғылыми білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатын болады...» деп атап көрсеткен.

Осыған байланысты педагогикалық, психологиялық, ғылыми ойлауын дамыту, оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне шығармашылықпен қарау, оқытушыдан да сол студентке осындай көзқараспен қарауын талап етеді.

Біздің университеттің практикасында педагогика-психология бойынша ғылыми зерттеу жұмысы барысында студенттер қандайда болмасын бір проблеманың негізін зерттейді. Әдістемені оқыту бойынша курстық жұмыс, кейін дипломдық жұмыс жүргізілген зерттеуді жалғастыру және аяқтау болып табылады. Жоғары оқу орнындағы білім беру процесі өзіндік білімін жетілдіру және ғылыми зерттеу жұмыстарымен тығыз байланысты.

1. Ғылыми – зерттеу жұмыстарының түрлері:

Студенттердің педагогикалық, психологиялық, ғылыми ойлауын дамыту, оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне шығармашылықпен қарау, оқытушыдан да сол студентке осындай көзқараспен қарауын талап етеді.

Білім беру мекемелері қызметкерлері негізінен екі қызмет атқарады:

1. Тәрбиешілік, білім беру қызметі – тәрбие және оқу бағдарламасы негізінде бала психикасына жүйелі түрде әсер ете отырып білім беру, оқыту, тәрбиелеу.

2. Зерттеушілік қызмет – бала психикасының даму ерекшелігі мен даму деңгейін анықтайды. Оқушылардың жас және дербес ерекшеліктерін ескере отырып, соған сәйкес зерттеу жұмысына тиімді әдіс-тәсілдермен ұштастырылады.

Болашақ мұғалім кадрлары дайындауда мынадай зерттеу жұмыстары өткізіледі: түрліше жазба жұмыстары, ғылыми баяндамалар, рефераттар, ғылыми мақалалар жазу, педагогикалық тапсырмаларды шешу, педагогикалық ғылыми-зерттеу іс-тәжірибелері, шағын зерттеулер, әдебиеттермен жұмыс, курстық және дипломдық жұмыстар және т.б.

Жазба жұмыстары – студенттердің алғашқы жұмыстары. Олар студенттің кәсібилігінің қалыптасуында маңызды орын алады. Олардың әрқайсысы - өзіндік ғылыми-қолданбалы зерттеу және студенттердің білімін бақылаудың, есеп берудің бір формасы, таңдалған мәселе бойынша жинақталған дәлелдемесі болып табылады.

Баяндамалар, рефераттар, бақылау және курстық жұмыстар студенттердің кәсіби білімінің теориялық және әдістемелік деңгейін көтерудің, пәндерді оқытудың маңызды құралы.

Жазбаша тапсырманы орындау сізге әуелі оқу-зерттеу жұмысымен айналысуға, кейінірек ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуға мүмкіндік береді. Ал бұл өз кезегінде шығармашылық қасиетті және кәсібиіңізге шығармашылық қатынасты қалыптастырады.

Курстық жұмыс тереңірек және көлемдірек. Зерттеу жұмыс – бұл зерттеу жұмысының әдісін игерудегі алғашқы саты.

Ғылыми баяндамалар – аудиторияда оқытылатын немесе мақала ретінде жарияланатын ғылыми-зерттеу мен тәжірибелік эксперимент жұмысының мазмұнын баяндайтын ғылыми құжат.

Рефераттық жұмыс – (лат. Refero – хабарлаймын деген мағына береді.) – ғылыми еңбектер, ғылыми зерттеулердің қысқаша мазмұнын сипаттайтын, жазбаша немесе басылымдық түрде берілетін жұмыс.

Реферат дайындаушы – (лат. Referens – хабарлаушы)

1) реферат дайындаушы адам.

2) белгілі бір сұрақтар бойынша кеңес беруші немесе баяндама дайындаушы адам.

2.Реферат – ғылыми жұмыстың мазмұнын баяндама ретінде немесе жазбаша түрде беру. Бұл студенттердің өзіндік ғылыми зерттеу жұмысы. Мұнда студенттердің қарастырған мәселелерінің мән-мағынасы ашылады,

материал проблемалық сипатта баяндалады, әртүрлі көзқарастар келтіріледі, сондықтан ол мәселеге өзінің жеке көзқарасын білдіреді. Реферат көлемі 1,5 интервал арқылы жазылған 5-15 бетті қамтиды.

Реферат тақырыбын таңдамас бұрын өзіңізді қандай мәселе қызықтыратынын анықтап алу керек. Реферат жұмысын бастамас бұрын жоспар құрып, әдебиеттерді таңдап алған жөн. Әуелі оқу бағдарламасында ұсынылған әдебиеттерді пайдаланып, сонан соң ақпараттың қайнар көзін кеңейтуге болады, жаңа ғылыми ақпараттар беретін арнайы журналдар пайдаланылады.

Реферат құрылымы және безендірілуі:

1. титулдық бет;
2. жоспар;
3. кіріспе;
4. негізгі бөлім;
5. қорытынды;
6. әдебиеттер тізімі.

Рефератты өңдеуде 8-10-нан кем емес әр түрлі әдебиеттер пайдаланылады. Кесте, график, сызба енгізуге болады.

Рефератты бағалау:

- тақырыпқа мазмұнның сай келуі;
- материалдың өзектілігі;
- әдебиеттерді дұрыс және толық пайдалану;
- рефераттың безендірілуі т.б.

Оқытушының шешіміне байланысты реферат семинарда қарастырылуы мүмкін немесе оқытушы мен студенттердің арасында жеке талданады.

3. Баяндама және бақылау жұмысы.

Баяндама - өзіндік жұмыстың бір түрі, сабақта және сабақтан тыс пайдаланылады, зерттеу жұмысын жүргізу тәсілдерінің қалыптасуына ықпал етеді, танымдық қызығушылықты қалыптастырады, практикалық ойлауға үйретеді.

Баяндама жазарда тақырып бойынша жоспар құрып, негізгі әдебиеттер таңдалады. Әдебиеттермен жұмыс жасай отырып, алынған мәліметтерді жүйелеп, қорытындылау қажет. Тақырып үлкен болса, баяндама сұрақтарын бірнеше студентке бөліп беруге болады.

Қазіргі кезде оқу орындарында баяндама мен рефераттың еш айырмашылығы жоқ және олар сынақ жұмысы болып табылады.

Бақылау жұмысы – меңгерілген білімді бағалау мен тексерудің, танымдық әрекеттің сипаты жайында, оқу үрдісінде студенттердің дербестігі мен белсенділігі, оқу әрекетінің әдістері, формалары мен тәсілдерінің тиімділігі жайында ақпарат алудың формасы.

Бақылау түрлері:

- сыныптық және үйде орындалатын бақылау;
- ағымдық және емтихандық;
- жазбаша, графикалық және практикалық;

- фронталды және жеке.

Жазбаша бақылаудың ерекшелігі ауызшаға қарағанда кең түрде объективті болып келеді. Жазбаша бақылаудың түрлері оның мазмұны мен спецификасына, студенттердің жалпы жаму деңгейіне байланысты.

Жазбаша бақылау жұмыстары үшін маңызды нәрсе:

- тапсырмалар жүйесі белгілі бір тақырып бойынша білім деңгейін анықтау;
- зерттелетін заттар мен құбылыстардың мәнін түсіну;
- өз бетімен қорытындылар жасау, білім мен дағдыны шығармашылықпен қолдану іскерлігі.

Осылайша, бақылау жұмысы – бұл өзіндік ерекше жазбаша емтихан, ол күрделі дайындықты қажет етеді.

Педагогикалық колледждер, жоғары оқу орындарында бақылау жұмыстары көбінесе сырттай оқу бөлімдерінде таралған және олардың сағат саны оқу жоспарында бекітіледі.

Бақылау жұмысын даярлауда ұсынылған негізгі әдебиеттер тізімімен қатар қосымша ақпарат көздерін қатыстырған жөн, себебі оны тексеру барысында ерекше көңіл бөлінеді.

Бақылау жұмысы титульдық беттен, жоспардан, сұрақтар тізімі мен тапсырмалардан құралады. Жұмыс өте ұқыпты, қатесіз-боямасыз, әдемі жазумен жазылады. Сұрақтар берілген жауаптар өте нақты, қисынды, тақырыпқа сәйкес, қорытындылармен, жалпылаумен, өзіндік бағамен берілуі тиіс. Бақылау жұмысының соңында әдебиеттер тізімі көрсетіледі.

Зертханалық және практикалық жұмыс – кез-келген пән бойынша белгілі бір сұрақтарды немесе тапсырмаларды шешу барысында студенттердің оқушылардың жасайтын жеке, топтық ұжымдық іс-әрекеті.

2. Ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша жүргізілетін студенттердің іс-тәжірибесі:

Ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша жүргізілетін іс-тәжірибе университеттің базалық тәжірибесі ретінде ескерілген түрлі әлеуметтік сферада өткізіледі.

Ғылыми-зерттеу жұмысы іс-тәжірибенің басталар алдында студенттерге оның мазмұны мен өткізу тәртібі түсіндірілетін орнату конференциясы өткізіледі.

Ғылыми-зерттеу жұмысы іс-тәжірибесі мынандай кезеңде жүзеге асады.

1 кезең -теориялық жинақталған материалдарын зерделеп шығып, мұғалім іс-әрекетімен байланыстырады.

2 кезең-түрлі зерттеу тақырыбына сәйкес сыныптағы оқу-тәрбие процесін зерттейді.

3 кезең-зерттеу тақырыбын жеке оқушыға қатысты зерттейді;

4 кезең-жинақталған материалдарды пысықтап, нақтылау жұмысын жүргізеді;

5 кезең-қорытынды шығарып дәлелдеу материалдары дайындалады.

Оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық басқару доценттермен және педагогика және психология кафедрасының мұғалімдерімен, практика базасы басшыларымен бірге жүзеге асады.

Студенттердің теориялық жинақталған материалдарын зерделеп шығып, мұғалім іс-әрекетімен байланыстыруын, түрлі зерттеу тақырыбына сәйкес сыныптағы оқу-тәрбие процесін зерттеуін, зерттеу тақырыбын жеке оқушыға қатысты зерттеуін, жинақталған материалдарды пысықтап, нақтылау жұмысын жүргізуін, қорытынды шығарып дәлелдеу материалдарын дайындауын қамтамасыз етеді.

Әдіскерлер олардың жұмыстарына есеп беріп, жинақтаған материалдары мен құжаттарын тексеріп, баға қойып, практиканың қорытындысы туралы есеп береді.

Студент практиканы аяқтағанда кафедраның меңгерушісі белгілеген практика бойынша есеп беруді қорғау түрінде комиссияға тапсырады. Комиссияның құрамына психологияның жетекші мұғалімдері, практика жетекшісі, практика базасының жетекшісі кіреді.

Практиканың бағдарламасын орындамаған, жұмыс туралы теріс айтулар алған немесе қанағаттанарлықсыз баға алған студент оқу жоспарын орындамаған болып саналып, іс-тәжірибеден қайтадан өтуге тиіс болады.

Ғылыми-зерттеу жұмысы іс-тәжірибенің мазмұны:

Ғылыми-зерттеу жұмысы іс-тәжірибенің мазмұны қазіргі заман кезеңінде қоғамның дамуында болашақ психолог-педагогтарды дайындауда жоғары талаптармен анықталады.

Практиканың мазмұнын анықтауда студенттерді оқыту процесінде алған білім, білік, дағдыларды аптималды меңгерумен жүзеге асыруға қабілттендіріп, іс-әрекет түрлеріне қосу қарастырылған. Топтармен өзара қарым-қатынас түрлеріне бақылау жүргізу педагогикалық-психологиялық іс-тәжірибенің негізгі мазмұны болып табылады.

В.А. Сухомлинскидің пікірінше, үйрету-білімді қалай болса солай бере салу емес. Бұл аса күрделі адамдық қарым-қатынас. Қарым-қатынас кезінде оқушымен қарым-қатынасты дәл бағалай білудің, сыныптағы жекелеген оқушылардың әсерленушілігін көре білудің, қарым-қатынас барысында оқу-тәрбие информациясын нақтылаудың оны педагогикалық процестің өзгермелі жағдайына ыңғайлай білудің оқушылардың дербес ерекшеліктерін ескерудің айрықша маңызы бар. Міне осыған орай студенттер тәжірибе кезінде мынадай жағдайларға тап болуы мүмкін.

Практиканың базасымен, әлеуметтік ортамен, педагог-психологтың жұмысымен, жетекшілердің іс-әрекетімен диагностикалық түзету жұмысын жүргізу іс-тәжірибе мазмұнында ерекше мәнге ие.

Педагогикалық-психологиялық іс-тәжірибеден сәтті өтуі үшін студенттер психодиагностикалық теориялық біліммен мықты қаруланған болуы тиіс. Психодиагностика деген сөздің тура мағынасы бұл адамның жан дүниесіне психологиялық тұрғыдан диагноз қою болып табылады. Психодиагностика

адамның жекелік психологиялық сипатын өлшеуге анықтауға бағытталып, әрбір жеке тұлғаның қасиетін қабілеттілігін интеллекттік даму деңгейін қызығушылығын анықтап білуге бағытталады. Қазіргі кезде психодиогностиканың алатын орны ерекше және де ол практика барысында көрінеді. Мұнда ғылыми негізділік басшылыққа алынады. Психодиогностиканың қолдану сферасы мыналар:

1. Психологиялық кеңес беру.
2. Психотерапия.
3. Кәсіби маманды бағдарлау.
4. Экспертиза жүргізу .

Психодиогностика психолог қызметінде практикалық жағынан көрініс береді. Сондықтанда психодиогностиканың негізгі мақсаты мынандай.

1. Психодиогностикалық диагноз қоюды қамтиды.

2. Әрбір адамның психодиогностикалық жағдайын қолма-қол бағалайды. Психодиогностиканы жүргізгеннен кейін студенттер психологпен бірлесе отырып, қажеттілігіне қарай ақыл-кеңес беру және психикалық түзету жұмыстарымен шұғылдануы қажет.

Психодиогностика қазіргі кезде психология ғылымының салаларында медициналық психологияда, инженерлік психологияда, еңбек психологиясында кеңінен қолданылады. Іс-тәжірибеде студенттер мектеп психологының басшылығымен кіші мектеп оқушысына психодиогностикалық зерттеу әдістерін жүргізуде баланың жасына лайықты алдын-ала дайындалған әдістемелер қолдануы тиіс.

Ал жасөспірім кезеңдегі балалармен психодиогностика жұмысын жүргізуде студент олардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық-педагогикалық бағытта бірнеше әдістерді мектеп психологы басшылығымен өткізуіне болады.

Іс-тәжірибеде студенттерге психодиогностика жүргізу кезінде оның міндеттері мен принциптерін, талаптарын қатаң ұстап қадағалауына бағыт беріліп отыруы тиіс. Ғылыми-зерттеу жұмысы іс-тәжірибе кезінде психологиялық түзету жұмысы да студенттердің практикалық дағдысы мен іскерлігінің қалыптасуында ерекше орын алады.

Психологиялық түзету дегеніміз-мақсат қоя отырып, әрі мақсатты белгілей отырып, қандай да болмасын жетіспеушілікті түзету, дұрыстау болып табылады. Психологиялық түзетуде адамның мінез-құлық сапаларына арнайы құралдардың көмегімен психологиялық тұрғыдан әсер ету болып табылады. Яғни психологиялық түзету арқылы адамның бойындағы кездесетін әр адамның бойынан табылатын жетіспеушілік олқылықтарын түзетуге бағытталады.

Психологиялық түзетуді психологиялық қызметтің өзге бағыттарымен салыстырып қарағанда (психодиогностика, психологиялық кеңес беру, тренинг т.б.) өзіндік ерекшелігі жағынан айқын ажыратылады.

Жекелей психологиялық түзетуді қолдануды студент практиканттарға үйрету маңызды. Оларға психотүзету жүргізуде клиентке психикалық тұрғыдан

әсер ете отырып, тиімді әрі күшті әдістерді жеткілікті жағдайда таңдай білуді осы іс-тәжірибеде меңгеріп шығуы шарт.

Психологиялық консультация беруде студенттер үшін өзіне практика жинақтаудың негізгі қайнар көзі болып табылады.

Сондай-ақ студент іс-тәжірибе барысында күнделікті жүйелі түрде жүргізіп отыруы тиіс.

3. Педагогикалық-психологиялық іс-тәжірибенің қорытынды есебі мен бағалау белгілері.

Психологиялық практиканың бірінші күні: орнықтыру конференциясы; әдістемелік әдебиеттер көрінісі;

Практиканың 1-2 аптасы:

1 апта-теориялық жинақталған материалдарын зерделеп шығып, мұғалім іс-әрекетімен байланыстырады.

2 апта -түрлі зерттеу тақырыбына сәйкес сыныптағы оқу-тәрбие процесін зерттейді.

3 апта -зерттеу тақырыбын жеке оқушыға қатысты зерттейді;

4 апта -жинақталған материалдарды пысықтап, нақтылау жұмысын жүргізеді;

Практиканың нәтижелерін бірігіп талқылау, қорытынды шығару, қорытынды конференциясын өткізу;

Студенттердің практика бойынша есеп беру құжаттары.

Практика аяқталғаннан кейін студент талаптарға сәйкес құрылған келесі құжаттарды кафедраға ұсынуы тиіс:

- 1 Студент-практиканттың жұмыс жоспары;
2. Ғылыми-зерттеу жұмысы іс-тәжірибенің күнделігі;
3. Нақты орындалған жұмыс туралы практика бойынша есеп беру;
4. Ұжымның (топтың, индивидтің) диагностикалық жұмыстың көрсеткіштері мен психологиялық даму картасы;
5. Орындалған түзету жұмысты жазу;
6. Лекциялар конспектісі;
7. Консультация стенограммасы;
8. Ғылыми-зерттеу жұмысы жайында есеп беру;

Мұғалімдердің психологиялық-педагогикалық іс-тәжірибенің есеп беру сызбасы: практиканттардың санын, ғылыми-зерттеу жұмысы іс-тәжірибенің өткен жерін мен уақытын; практиканың базасының сипатын; студенттің практиканың барлық кезеңінде жұмысының анализі:

«5» бағасы келесі талаптарды орындаған жағдайда қойылады.

Практикант әрекет ету бағдарлама талаптарының негізінде адекватты, ғылыми-зерттеу жұмысы іс-тәжірибесінің әдістемелік сауатты және қатесіз жүзеге асырып, әр объектімен индивидуалды жұмыс жүргізіп, құжаттарды, есеп беруді дұрыс жүргізген жағдайда қойылады.

«4» бағасы студент жоғарыда көрсетілген шарттарды сақтап, бірақ ғылыми-зерттеу жұмысында маңызды емес қателіктер жіберген жағдайда қойылады.

«3» бағасы егер студент ғылыми-зерттеу жұмысын дұрыс жоспарлап, қателер жіберіп сенімсіз болса, жұмыста инициатива керсетсе қойылады.

«2» бағасы студент әдістемелік үлкен қателіктер жіберіп, ғылыми-зерттеу жұмысы дағдыларын меңгермегенде қойылады.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша іс-тәжірибесі оқу-тәрбие процесінде маңызды рөл атқарып, болашақ педагог-психолог мамандарды теориялық және практикалық даярлаудың арасындағы байланыстырушы буын болып саналады.

4. Курстық жұмысты орындау әдістемесі

Курстық жұмыс және оның мақсаты – студенттердің логикалық ойлау шығармашылық қабілеттерінің оқу-тәрбие процесіндегі дағдысын, ғылыми-зерттеушілік шеберлігінің деңгейін, теорияны практикамен ұштастыра білу мүмкіншілігін практикада қолданып, қалыптастыру.

Ғылыми жұмыстар, оның ішінде курстық және дипломдық жұмыстарды орындау туралы көптеген әдебиеттер берілген үлгілерге, талаптарға және оның ерекшеліктерін зерттей келе, (А.М.Новиков, Н.Г.Кушков, И.В.Мохов, В.И.Смирнов, Н.Е.Соколова, Н.А.Сорокин, В.И.Журавлев, И.Д.Андреев, В.В.Краевский, В.В.Налимов, Г.И.Голикова, З.А.Исаева, А.Ерназаров, М.Жайлауова, А.Жалғасбаевалар) студенттердің орындайтын курстық және дипломдық жұмыстарына талдау жасай отырып, зерттеу сипатының негізіне қарай төмендегідей төрт топқа жіктеуге болады:

1. Теориялық-логикалық сипаттағы курстық және дипломдық жұмыс;

2. Озық тәжірибелерді оқып-үйрену негізінде орындалатын курстық және дипломдық жұмыс;

3. Эксперименттік сипаттағы курстық және дипломдық жұмыс;

4. Тарихи- логикалық сипаттағы курстық және дипломдық жұмыс.

Педагогикалық институттарда көп жағдайда, студенттер ғылыми-зерттеу негізінде курстық жұмыстарды орындайды.

«Курстық» деп атауы нақты бір курсқа байланысты білім алу дегенді білдіреді.

Курстық жұмыстар әртүрлі дисциплинада жазылады, бірақ осы жұмыс барысында студенттің білімі және дағдылары қорытындыланады. Курстық жұмыстар 1 жыл ішінде әлде 1 семестр ішінде орындалады.

Оқу жоспары бойынша кейбір мамандықтар бойынша курстық жұмысты педагогикадан жазу қарастырылған.

Курстық жұмысты орындау - студенттердің зерттеу әдістері мен әдістемелерін меңгеруге және педагогикалық әрекетке деген қызығушылығын

оятуда педагогикалық процесті көру және талдау қабілеттерін қалыптастырады.

Курстық жұмыстың тапсырмалары:

- студенттердің психологиялық және педагогикалық мәселелері бойынша білімінің кеңеюі;

- студенттің педагогикалық тапсырмаларды шешуге шығармашылық дағдының қалыптасуы, мектеп сараманындағы және өзінің жұмыс қорытындыларын бағалау қабілеттігі;

- студенттің теориялық білімдерін практикада қолдана алуы, алдыңғы педагогикалық тәжірибені талдау, педагогикалық практикадағы жеке тәжірибесі педагогикалық процестегі заңдылықтары мен негіздері орын алып отырады.

Курстық жұмыс психологиялық-педагогикалық және әдістемелік мәселелер бойынша білімді жүйелеуге, қорытындылауға, кеңейтуге көмектеседі.

Курстық жұмыс психологиялық-педагогикалық және әдістемелік мәселелер бойынша білімді жүйелеуге, қорытындылауға, кеңейтуге көмектеседі. Оның барысында іздену, ақпаратты пайдалану және өндеудің жаңа әдістері игеріледі, педагогикалық бағдары айқындалады, педагогикалық пікірін қорғауға үйренеді.

Курстық жұмыс кәсіби тәжірибемен тығыз байланысты.

Курстық жұмысқа қойылатын талаптар:

1. Тақырыптың өзектілігі, оның отандық және шетелдік ғылымның дамуына сәйкестігі.

2. Зерттеу проблемасы бойынша ғылыми, оқу-әдістемелік әдебиеттерді және мерзімдік басылымдарды зерттеу және талдау.

3. Зерттеу мәселесінің тарихын, мұғалімдердің озат тәжірибесін және өзінің жеке тәжірибесін есепке ала отырып, оның практикалық жағдайын зерттеу және талдау.

4. Өз бетімен зерттеуді жүргізу: зерттеудің пәнін, мақсатын, әдістерін анық сипаттау, экспериментті сипаттау және талдау.

5. Жүргізілген зерттеудің нәтижелерін қорытындылау, қорытындыларды және практикалық ұсыныстарды негіздеу.

6. Безендіру мәдениеті (стандарт талаптарына сәйкестігі).

Курстық жұмыстың көлемі: компьютерде терілген 40-50 беттен тұрады.

5. Курстық жұмысты орындау қисыны:

1 кезең – зерттеуге дайындық:

1.1. Зерттеу мәселесінің әдіснамалық негізін анықтау:

- зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді зерттеу негізінде тақырыпты алдын-ала таңдау;

- зерттеудің объектісін анықтау;

- зерттеудің пәнін анықтау.

1.2. Зерттеуді ұйымдастыру және өткізуге дайындық:

- зерттеу тақырыбы бойынша әдістемелік әдебиеттерді, педагогикалық тәжірибені талдау және «Әдістемелік әдебиеттерге және педагогикалық тәжірибеге шолу» атты мәтін даярлау;
- тақырыпты нақтылау;
- зерттеудің гипотезасын, мақсат-міндеттерін белгілеу;
- зерттеу әдістерін таңдау және зерттеу өткізетін базаны (мектеп, сынып, балабақша, топ және т.б.) анықтау.

2 кезең – тәжірибе жұмысын даярлау және өткізу:

2.1. Тәжірибе жұмысын жоспарлау:

- экспериментальдық және бақылау топтарын анықтау;
- зерттелетін объектілерді бақылау әдістері мен диагностикалық әдістерді және оларды жазып алудың формасын белгілеу;
- зерттеу тақырыбы бойынша балалармен жұмыс жасау жүйесін (сабақтардың, тәрбиелік шаралардың және т.б. конспектілері) даярлау;
- зерттеу нәтижелерін талдау әдістемесін жасау;
- тәжірибе жұмысын өткізу үшін таңдалған әдістер мен тәсілдерді қолдану мүмкіндігі мен диагностикалық әдістемелерді нақтылау мақсатында тәрбиеші, мұғалім, оқушылардан кеңес алу.

2.2. Тәжірибе жұмысын өткізу:

- анықтаушы экспериментті өткізу;
- анықтаушы эксперименттің нәтижесін талдау негізінде гипотезаны тексеруге және тәжірибе жұмысының міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған балалармен жұмыс жүйесін (сабақтар, тәрбиелік шаралар, жеке жұмыс және т.б.) өткізу;
- қалыптастырушы эксперименттің өтуін талдау, гипотезаны және тәжірибе жұмысын нақтылау, мүмкін болатын жағымды және жағымсыз нәтижелерін анықтау арқылы тәжірибе жұмысын бейнелеу, оның тиімділігінің психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтау және жағымсыз құбылыстарды жою;
- жасалған қорытындылар негізінде ғылыми гипотезаны негіздеу, зерттеу міндеттерінің орындалуын тексеру, олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтау мақсатында қалыптастырушы экспериментті қайта өткізу;
- қорытынды бақылау эксперименті, талдау, қорытындылар, ұсыныстар.

3 кезең – курстық жұмысты безендіру:

3.1. Курстық жұмысты жазуды аяқтау:

- дайындалған мәтіндерді тарауларға біріктіру,
- орналастыру;
- нәтижелерді, қорытынды жазу;

- қорытынды құрастыру;
- кіріспе жазу.
- Әдебиеттер тізімін жазу.
- Иллюстрациялар тізімін жасау.
- Қосымшаларды орналастыру.
- Мазмұнын құру.
- Титулдық бетін безендіру.

6. Курстық және дипломдық жұмыстың құрылымы:

- кіріспеден,
- теориялық және тәжірибелік бөлімдерден (теориялық және тәжірибелік бөлімдер (екі немесе бірнеше тараулардан тұруы мүмкін).
- зерттеу жұмысының құрылымымен,
- эксперименттің кезеңдерімен және мәселені зерттеудің болашағымен түсіндіріледі,
- қорытынды
- қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады.
- қосымшалар (қолданылған көрнекі құралдар, дидактикалық материалдар, эксперимент материалдары және т.б. жұмыстың ішіне тігіледі).

Ұсыныста: қорытынды негізінде тәжірибенің тиімділігі анықтала отырып, тиімді әдіс-тәсілдердің үлгісі беріледі.

Әдебиеттер тізімі. Қолданылған әдебиеттердің библиографиялық тізімі алфавиттік рет бойынша құрылуы тиіс және газет, журналдардағы қолжазбалар тізімі де енгізіледі.

Қосымшаға: жалпы ғылыми жұмыста қолданылған тестік сұрақтар, зерттеуші ұсынған бағдарламалар, үлгі-тақырыптар сияқты зерттеу барысында қолданылған әдістемелік құралдарды енгізуге болады.

1 кезең – зерттеуге дайындық:

Курстық жұмыстың тақырыбын таңдау.

Курстық жұмыстың тақырыбын таңдамас бұрын зерттеудің «объектілі саласын», «объектісін», «пәнін» анықтау қажет, себебі әрбір тақырып белгілі бір жүйе аймағында орналасады.

Педагогикалық зерттеудің объектілі саласы – зерттеу объектісі орналасқан ғылым мен практиканың аймағы, саласы.

Мысалы, «Бастауышта оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығы бойынша оқитын студенттердің объектілі саласы – «Бастауыш мектеп педагогикасы», «Кіші мектеп жасындағы балалардың ерекшеліктері», «Математиканы бастауышта оқыту әдістемесі» және т.б. болып табылса, «Педагогика және психология» мамандығы бойынша объектілі сала – бұл «Жалпы білім беретін мектеп педагогикасы», «Пәндерді оқыту әдістемесі», «Мектеп оқушыларының психологиясы» болып табылады.

Зерттеу объектісі – объектілі саланың ірі, дербес бөлігі. Онда зерттеудің пәні орналасқан. Мысалы, егер объектілі сала – кіші мектеп жасындағы

балаларды экологиялық тәрбиелеу әдістемесі болса, объект бұнда экологиялық тәрбие берудің әдістері, формалары, басқа тәрбие түрлерімен байланысы, тәрбиелеу ерекшеліктері болып табылады.

Зерттеу пәні – объектінің бақылау бөлігі. Егер объект «Балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері» болса, онда зерттеу ретінде кез-келген әдісті алуға болады. Мысалы, зерттеу пәні ретінде «Экскурсия экологиялық тәрбие берудің әдісі ретінде» деп анықталады.

Зерттеу пәні аясында алдын-ала тақырып белгіленеді. Тақырып – «Бастауыш мектепте экологиялық тәрбие берудің негізгі әдісі - экскурсия».

Осылайша, объектілі саласы, объекті, пән арасындағы қатынас – жоғарыдан төменге қарай бағыныңқылықты белгілейді. Басқаша айтқанда, объект объектілі саладан тарлау, пән объектіден тарлау.

7. Библиографиялық ізденіс

Кез-келген студентте кітапханада жұмыстану қажеттілігіне пайда болады. Ең алдымен үйдегі шағын кітапханаға шолу жасау. Журналдар мен газеттерден зерттеу тақырыбы бойынша өзіңізге қажетті мақаланы кезіктіруіңіз мүмкін. Содан кейін өзіңіздің оқитын оқу орындағы кітапхана қорына жүгініп, кейін оқырмандар кітапханасына баруыңызға болады.

Қажетті әдебиеттерді іздеу – ұзаққа созылатын еңбек. Оның мәні ерекше, себебі жарияланған материалдардың толықтығына курстық жұмысыңыздың сапасы тәуелді.

Негізінде, анықтамалық - библиографиялық бөлімде жұмыстанудың арнайы уақытын белгілеп, белгілі бір сағаттарда барған жөн.

Ең алдымен, педагогикалық және психологиялық сөздіктерге, педагогикалық және психологиялық энциклопедияларға назар аудару керектігін ұмытпау қажет.

Себебі, педагогикалық энциклопедияларда мәселе бойынша қысқаша мәліметпен бірге сол мәселе жайында жарияланған негізгі еңбектердің тізімі де қосымша беріледі. Содан кейін зерттеу әдістемесі бойынша кітапхана каталогында жұмыстануға болады.

Каталогтар – бұл брошюра немесе карточка түрінде жазылған, кітапхана қорында жинақталған кітаптар тізімі.

Каталогтардың 4 түрі белгілі:

1. алфавиттік,
2. пәндік,
3. жүйелі
4. жаңа басылымдар.

Егерде кітаптың атауын және авторын білсеңіз, онда алфавиттік каталогтан бастау қажет. Пәндік каталогта кітаптар белгілі бір пәнге арналған бөлімшелерге жинақталады.

Бұл бөлімшелердің өздері алфавит бойынша орналасқан, ал бөлімше ішіндегі кітаптар да алфавиттік реттелген. Жүйелі каталогта кітаптар бөлімшелерге ажыратылған, бұнда тек алфавиттік ретпен емес, пәндік жүйе бойынша орналасады.

Жаңа түскен кітаптар каталогы – соңғы жарты жылда келіп түскен жаңа басылымдардың жүйелі каталогы. Каталогтан алынған әдебиеттер мәліметі жеке карточкаларға анық және дұрыс толтырылып (кітапханадан алу үшін шифрмен бірге жазылып алынады) жазылады.

Мысалы, *Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика: Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. -2-басылымы. -А., 2000. -384 бет*

Одан әрі карточкалар алфавит бойынша жүйелеп, әдебиеттер тізімі жазылады. Таңдалған тақырыпқа еніп, оны таңдалған әдебиеттер көмегімен ашу үшін берілген әдебиеттерді оқу мен жазудың жалпы ережелерін сақтай отырып, оларға шолу жасау қажет.

Курстық жұмыс сипаттаушы-жалпылаушы сптақа ие болғандықтан, әдебиеттерді талдауда тек қажеттілері мен маңыздыларын алған жөн. Сондықтан курстық жұмысқа тапқан материалдың барлығы енгізу қажет емес. Әдебиеттерді шолудың өзі саралау тұрғысын қажет етеді. Олардың бір бөлігінде өте маңызды материал болуы мүмкін, сондықтан оны мұқият өңдеп, конспектілеп алған дұрыс.

Басқа әдебиетте тақырыптың тек кейбір жақтары ашылған болса, онда оны конспектілеудің қажеті жоқ, үшіншісі таңдалған тақырыпқа байланысты болмауы мүмкін, сондықтан өңдеуді талап етпейді.

Ф.Бэконның айтуынша, тек дәмін қарайтын кітаптар болады, ал кейбір кітаптарды тұтастай жұтып қоюға болады, тек аз ғана кітаптарды шайнап, қорыту керек.

Әдебиеттерді зерттеудің міндеті – түрлі авторлардың белгілі бір мәселені қоб және шешу сипатын, олардың қорытындылары мен жалпылауларының аргументтігін бақылау, оларды талдай отырып, алынған материал негізінде өзіндік ұғына отырып, сол мәселенің қазіргі күйін анықтау мақсатында алынған материалды жүйелеу.

Алынған материалды өңдеу міндетті түрде оқылған материал мен өзіңнің ескертулеріңді жазып отыруың керек.

Жазу формасы – конспект, суырма, негізгі қағидалар, тезистер, идеялар, әдістемелер картотекасы. Бұл кейінірек алынған ақпаратты жіктеуді, жүйелеуді жеңілдетеді. Кесте – 1

Кесте – 1 Жазу формасының үлгісі

Әдебиет атауы	Негізгі тезистер, мәселелер	Комментарийлер

Жазбаларды жеке қағаздарға немесе дәптер бетінің бір жағына жазған дұрыс. Жазба формалары автордың идеяларын еркін баяндау немесе цитата түрінде жазылады.

Цитата тырнақша алынып, цитата алынған кітаптың беті көрсетіледі. Материалды еркін баяндау жағдайында да жүйелі түрде конспектіленетін кітап немесе мақалалардың бетін көрсетіп отыру қажет.

Жазбалар – бұл материалды жинақтаудың, алғашқы өңдеудің ең тиімді тәсілі, ақыл-ой еңбегін ұйымдастырудың міндетті формасы. Тақырыпты нақытлаған соң гипотезаны (болжамды) өңдеуге кірісу қажет.

Курстық және дипломдық жұмыстарды орындағанда әдебиеттер жинауда белгілі бір тәртіпке бағынбай болмайды. Әдебиеттер тізімі алфавиттік ретпен құрылады:

- авторы,
- кітаптың немесе мақаланың аты,
- баспасы,
- шыққан жылы,
- беттері.

Библиографиялық сипаттама үлгілері:

Библиография – (грек. Biblion кітап және ...графия)

1) әдебиеттерді жүйелі жазу, кез-келген әдебиеттің ерекшеліктеріне, жазылу үлгісіне, баспасына, шығарма тақырыбына байланысты тізбе құру немесе әдеби шолу.

2) библиографиялық құралдардың нұсқауы .

Курстық және дипломдық жұмыстарды безендіруге қойылатын талаптар:

Курстық және дипломдық жұмыстарды безендіру жұмысы да белгілі ережелерді сақтауды талап етеді. Яғни жұмыстың негізгі беті, мазмұны, оның жазылу реті, интервал мөлшері, беттің номерленуі, параметрлерінің сақталуы т.с.с.

Гипотеза (грек сөзі «гипотезис» - негіз, болжам) – құбылыстар арасындағы заңды байланыстар жайында болжамдық ой.

Гипотеза түрлері: жұмыс және ғылыми (немесе шынайы).

Жұмыс гипотезасы – қолда бар материалды жүйелеу үшіе жасалатын уақытша болжам.

Ғылыми (шынайы) гипотеза – көп материал жинақталған шақта, шешім «жобасын» ұсыну мүмкіндігі болағн шақта, ғылыми теорияға айналдыру,а болатын қағидаларды ұсынатындай шақта жасалатын болжам.

Осылайша, жұмыс гипотезасы зерттеудің басында жасалса, ғылыми гипотеза жұмыс барысында жұмыс гипотезасын өзгертуден туындайды. Гипотезадан зерттеудің мақсат-міндеттері шығады.

1. Зерттелген материалды баяндау.

Курстық жұмыстың мақсаты – таңдалған тақырып бойынша әдебиеттерге шолу жасау, мәселенің қазіргі күйін, қысқаша тарихын баяндау, қорытындылар жасау және оларды дәлелдеу. Шолуда тақырып бойынша түрлі авторлардың тұрғылары талданып, баға беріледі.

Жинақталған материалды жалпылау оны жүйелеуді және жіктеуді қажет етеді. Бұл жұмысты орындауда уақытты үнемдеуге парақтың бір жағына жазылған жазба көмектеседі.

Бұл жазба формасы материалмен жеңіл жұмыстануға мүмкіндік береді, яғни оны қиюға, жапсыруға, орнын ауыстыруға болады.

Шолу кезінде бірінен соң бірін кітаптар мен мақалалардан алынған барлық материалды баяндаудың қажеті жоқ. Сұрақтың мәнін ашатындай, курстық жұмысының жоспарына, мақсат-міндеттеріне сәйкес негізгі қағидалар мен басты идеяларды анықтайтындай болу керек.

Осылайша, шолудың сипаты хронологиялық емес, түрлі әдебиеттерді пайдалана отырып, проблемдік сипатқа иеленуі тиіс.

Курстық жұмыстың тілі қарапайым әдеби тілмен, жалпыға түсінікті терминдерді қолданумен терең және анық баяндалуы тиіс. Бір сөздің қайталану жиілігі 50-100 сөз интервалында болғаны жөн.

Курстық жұмыстың мазмұны - әдебиеттерді зерттеу негізінде өзіндік түсіну және мәселені ұғыну болып табылады.

Авторға және оның жұмысына сілтеме жасау өте маңызды. Қажет кезінде бұндай сілтеме оқырманға сол әдебиетке тікелей жүгініп, нақтылауға мүмкіндік береді.

Мәтінде авторлық пікірлергі сілтеме жасауда мына етістіктерді қолдануға болады:

Автор: талдайды; қарсы пікір білдіреді; көзқарасын айтады; толықтырады; дәлелдейді; мүмкін деп жібереді; сұрақ қояды; баяндайды; сенім білдіреді; табады; бастайды; көзқараспен келіспейді; келіспейді; айқындайды; талқылайды; түсіндіреді; қолдайды; жауап береді; белгілейді; қорғайды; анықтайды; мазмұндайды; жазады; қайталайды; мүмкіндік береді; болжайды; ойлайды; түсінеді; ұсынады; көрсетеді; таниды; көзқарасты қабылдайды; қорытынды жасайды; сұрақты талқылайды; сұрақты қарастырады; қосылады; шешеді; түсіндіреді; ұсынады; мәселені шешеді; келіседі; күмәнданады; айтады; сұрайды; сілтеме жасайды; есептейді; көрсетеді; еске салады; сендіреді; нақтылайды; дәлелдейді.

2. Зерттеу әдістері және оларды таңдап алу.

Зерттеу әдістерін таңдау зерттеу тақырыбына, проблемасына, гипотезасына, мақсатына тәуелді. Зерттеу объектісіне, пәніне, міндеттеріне, жинақталған материалға сәйкес әдістер таңдаған жөн. Олар қазіргі ғылыми зерттеудің талаптарын орындауы тиіс:

- перспективті болуы, яғни сенімді нәтиже беруі;
- зерттеудің логикасына сәйкес болуы;
- оқушы тұлғасын жан-жақты және үйлесімді дамытуға бағытталуы;
- әдістердің өзара байланысы.

Зерттеудің 2-ші кезеңі (тәжірибелік бөлім)

Эксперименттік жұмыс – нақты жағдайды есепке ала отырып педагогикалық процесті немесе белгілі бір құбылысты, мәселені зерттейтін ғылыми тәжірибе.

Педагогикалық экспериментке сүйеніп, зерттеуші оқу-тәрбие процесінің тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерін, формаларын, мазмұнын тексере алады.

Эксперимент (латын сөзі **eksperimentum** – тәжірибе деген мағна береді).

Эксперимент – ежелден қалыптасқан ғылыми-зерттеу әдістерінің бірі болып табылады. Эксперимент алғашқы кезде адамдарда қоршаған ортаны бақылау, танып білуден басталады.

Алғашында адамдар табиғат құрылыстарын бақылап, кейін жинаған фактілерінен белгілі бір білім тәжірибесін жинақтады. Осындай құбылыстарды меңгеру, тану барысында қоршаған дүниені танып білу процесі арқылы оның әлеуметтік, объективтік жақтарын меңгере бастады. Содан бері эксперимент танып білу құралының сенімді әдіс арсеналына айналды.

Педагогикалық экспериментті зерттеуші өзі жүргізсе, **белсенді эксперимент**, ал зерттеушінің ғылыми жазба ұсынысы бойынша екінші адам жүргізсе **енжарлы эксперимент** деп аталады.

Эксперимент зерттеушіден диалектикалық заңдылықты, теориялық және практикалық шығармашылық бағыттылықты ұстауды талап етеді. Эксперимент түрлері:

1. табиғи эксперимент,
2. тексеру,
3. жасампаз,
4. лабораториялық.

Бұл кезеңде анықтаушы эксперимент (тексеру), қалыптастырушы эксперимент (құрылымдық, өзгерту) және бақылау эксперименттерін біріктіретін тәжірибе жұмысының құрылымы анықталады.

Анықтаушы эксперимент - зерттеудің басында өткізіледі және оның міндеті зерттелетін құбылыстың практикадағы жағдайын анықтау. Қолданылатын әдістер:

- бақылау,
- әңгіме,
- анкета,
- оқушылар жұмысын, сабақ конспектін зерттеу және т.б.

Қалыптастырушы эксперимент – эксперименттің келесі кезеңі. Міндеті – жаңа шарттарды орындай отырып, осы шарттардың тәрбие мен оқытудың тиімділігіне қаншалықты әсер ететіндігін зерттей отырып, ұсынылған гипотезаны тексеру.

Бұл кезеңдегі өте маңызды нәрсе – тәжірибе жұмысының барысы мен нәтижесін жазып алу әдістемесі, алынған мәліметтерді талдау әдістемесі, мәліметтерді статистикалық өңдеу, кесте құру және т.б.

Бақылау эксперименті өткізілген жұмыстың нәтижесін (гипотезаның дұрыстығы немесе қателігі) нақтылауға мүмкіндік береді.

Курстық жұмыстың практикалық бөліміне енеді:

- әдіс-тәсілдерді жасау: анкета, сұрақтар тізімі және т.б.;
- сабақтар мен тәрбие шараларын даярлау;
- жаттығулар, тренингтерді іріктеу және т.б.

Эксперимент жұмысы аяқталғаннан кейін оны өңдеу керек: сабақ, тәрбие шарасын, жаттығулардың өткізілуін баяндау, қателіктерді көрсету, қорытындылар жасау.

8. Педагогикалық экспериментті жүргізу әдісі

Экспериментті жүргізу әдістерін жете зерттегенде, зерттеуші эксперименттің жағдайын және мүмкін болатын қорытындыны, бүкіл зерттеу барысының жүрісін және эксперименттің нақты мақсатын білуі керек.

Педагогикалық экспериментті жүргізу әдісі әртүрлі және ол әртүрлі факторлармен зерттелетін педагогикалық құбылыстың құрылымының қиындығы, оның мақсатына жүргізілудің ұзақтығына тәуелді.

Жете зерттеу барысында мыналар ұсынылады:

- зерттелетін педагогикалық құбылыстың және процестердің үстінен алдын ала бақылау жүргізу, ғылыми гипотеза, негізгі мәліметтерді анықтау,
- эксперимент жасауға объектіні таңдау және жағдай жасау фактілерді нақты белгілеу, зерттелетін құбылыстың жүру бағытын жүйелі бақылау.
- эксперимент жүрісін жете зерттеу;
- әдістер,
- әртүрлі мүмкіндіктер негізінде фактіні бағалау және өлшеу,
- тіркеуді жүргізу;
- ертерек алынған мәліметтерді қолдау (немесе жоққа шығару);
- эмпирикалық материалдан логикалық ойлауға көшу,
- алынған фактілік материалдың өзара заңды байланысын және қорытындысын ашу.

Мысалы, жүргізілген педагогикалық экспериментке 10 жыл еңбек өтілімі бар мұғалімдер қатысты. Олар педагогикалық эксперименттің мақсаттары мен барлық әдістерімен таныстырылды.

1. Оқудағы және ұқсастық әдісі (бірдей материал әр мектепте, әртүрлі мұғалімнің басшылығымен оқытылады, тек жеке ұқсастығы жеке эксперименттік материал болуында).

2. Оқудағы жеке айырмашылық әдісі, бұл бір сыныпты екіншісімен салыстыру. Тек мұнда бақылау және эксперименттік сыныптарда бір мұғалім ғана оқытады.

3. Қиылыс эксперименті. Эксперименттің оқытудағы білім сапасына және оқушылардың біліміне, қабілеттерінің даму мүмкіндігіне ықпалын анықтайды.

Эксперименттің сандық көрсеткіші келесі көрсеткіштерде белгіленген:

- 1) баллмен бағалау;
- 2) білімді орташа бағалау;

- 3) дисперсия;
- 4) білімнің тұрақтылы, білім сапасының коэффициенті.

Сапалық, сандық өзгешелік сапасында біз тіркеу әдісін қолданамыз. Оқудағы проблемаларды шешуде, қабілеттілікті бағалауда мынадай шкаланы беруге болады:

1. Зерттелетін материалдың проблемасын көру қабілеті - 6 балл
2. Ұйғарым шығару - 3 балл
3. Ұйғарымды негіздеу - 5 балл
4. Бағытын анықтау – 3 балл
5. Проблеманы шешу - 5 балл
6. Шешімді теориялық немесе эксперименттік тексеру - 5 балл
7. Қорытынды шығару - 3 балл

Барлығы - 30 балл

Оқушылардың қабілетін бағалауда теориялық материалдарды қолдана отырып, мына шкаланы көрсетеміз:

1. Фактіні суреттеумен шектелу - 2 балл
2. Құбылыстың себептерін айқындау - 4 балл
3. Функционалдық қажеттілігін көрсету - 6 балл
4. Теориялық жағдайды қолдану - 8 балл
5. Модель немесе пәндік тіл көмегімен өз жауабына аргумент жасау - 10 балл

балл

Барлығы: 30 балл

9. Экспериментті ұйымдастыру және техникасы, әдісі.

Экспериментті жете зерттеу оның жүрісін, орнын, мақсатын анықтауды талап етеді. Сондықтан зерттеудің алғашқы кезеңінде эксперименттің жүрісін, мүмкін болатын қорытындысын алдын-ала жақсы білу қажет.

И.П.Павлов кез-келген ғылыми зерттеуде “алға жүруге, бір фактіге сүйену үшін”, “ұйғарымды қорытынды” қажет деп ойлады.

Ж.И.Ганелин кез-келген зерттеудің жаны, жүрегі гипотеза деп айтады. Онда зерттеудің теориялық негізінің қалыптасуы ұйғарымы жатады. Гипотеза алынған материалдарға анализ жасауға және фактілерді біріктіруге анық бағыт береді.

Гипотеза зерттеудің қорытындысын, жүрісін анықтайды.

Оқушылардың танымдық қызығушылығының түрін анықтаудағы педагогикалық –психологиялық эксперимент әртүрлі жастағы оқушылар тобының танымдық қызығушылығының әртүрлі деңгейде болатынын көрсетеді.

Г.И.Шукин және оның оқушылармен жүргізген экспериментінде кішкентай оқушылармен үлкен жасөспірімдердің танымдық қызығушылығы олардың жасы мен әсіресе, жеке даму деңгейіне қатысты екенін анықтайды.

Зерттеудің мақсаты, арнайы ойластырылып таңдалған эксперимент қорытындысының сенімділігін қамтамасыз етеді.

Экспериментке кірісе отырып, зерттелуге бағытталған ережені қатаң, әрі нақты түрде орындалуын қадағалау керек.

Ереже барлық эксперименттік топқа бірдей, нақты болуы қажет.

3 - кезең – курстық жұмыстың безендірілуі:

10. КУРСТЫҚ ЖҰМЫС

Курстық жұмыстың безендірілуі жұмыстың жоспарына сәйкес тарауларды топтастырудан басталады (2 қосымшаны қараңыз).

Әрбір тарауларды мұқият оқып шығып, оларға қорытынды жазу керек.

Содан кейін жапы жұмыстың теориялық және практикалық зерттеулері бойынша қорытынды жазылады. Сонан соң жұмысқа кіріспе жазылады.

Кіріспе - ғылыми-зерттеу жұмысының алғы шарт бөлімі. Автор оқырманды қызықтыратындай сөзден бастап, зерттеудің практикалық мәнділігін көрсетіп, эксперименттің базасын, зерттеудің әдістерін, қорғауға ұсынылатын қағидаларды, объектісін, пәнін, гипотезасын, зерттеудің мақсат-міндеттерін тартымды баяндайды.

Курстық жұмыстың құрылымдық бөлімі – **библиография немесе әдебиеттер тізімі**. Бұл алфавиттік рет бойынша орналастырылған кітаптар мен мақалалар тізімі (3 қосымшаны қараңыз).

Курстық жұмыс **иллюстрацияларға, қосымшаларға** ие болуы мүмкін. Олардың әрбіреуі араб сандарымен нөмірленеді және оның тақырыбы болады. Қосымшалар араб сандарымен нөмірленеді, олар жұмыста келтірілу реті бойынша орналастырылады.

Мазмұны жұмысты топтастырғаннан кейін құрылады. Содан кейін **өңір беті** жазылады (қосымшаны қараңыз).

Талаптары:

- авторлық мәтін компьютерде 14 кеглімен, Times New Roman шрифтімен, 1,5 интервалмен А4 форматты бетте терілуі тиіс;

- терілген мәтіннің көлемі: жоғарғы – 20 мм, оң – 10 мм, сол – 20 мм кем емес, төменгі – 20 мм болуы тиіс;

- мәтін беттері 3 –ші «Кіріспе» бетінен бастап араб сандарымен нөмірленеді.

- Титулдық бет және мазмұны жалпы беттер саны енеді, бірақ нөмірленбейді;

- бас әріптермен жазылады: мысалы,

МАЗМҰНЫ;

ЖОСПАРЫ;

ТАРАУЛАР АТАУЫ;

- әдебиеттер тізімі алфавит бойынша жазылады;

- курстық жұмыс тігілген болуы тиіс.

Курстық жұмысты қорғау:

Курстық жұмыс кафедра отырыстарында, базалық оқу орындарында, кіші курстағы студенттер алдында қорғалуы мүмкін.

Қорғауда студент 7-10 минутқа созылатын қысқаша баяндама жасайды, онда курстық жұмыстың тақырыбын таңдау мотиві, оның өзектілігі, зерттеудің объектісі мен пәні, зерттеудің мақсат-міндеттері, курстық жұмыстың ақпарат көздері айтылып, практикалық бөлімге, зерттеу әдістеріне және алынған нәтижелерге кеңірек тоқталып, көрнекіліктерді демонстрациялайды.

Курстық жұмысқа жетекшілік ету.

Курстық жұмыстарға жетекшілікті тек қана ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып жүрген мұғалімдерге тапсыруға болады. Ғылыми жетекшісінің негізгі ерекшелігі:

1. Студенттерге тақырыпты және жұмыс көлемін анықтауға көмек беру, зерттеу нормасын нақты белгілеп алу.

2. Курстық жұмысты бастамас бұрын, студенттерге лекция оқылып, әдістемелік сұрақтар туралы консультациялар өткізіліп, курстық жұмысты орындаудағы жалпы талаптар және нақты шарттар айтылады.

Теориялық және практикалық жоспардағы зерттеу мәселелерін ашу үшін ұзақ және жүйелі жұмыс қажет. Бұған жоспар-график негіз болады, курстық жұмыстың кезеңдерін(этаптары) кірістіреді, зерттеу түрлерінің әрбір кезеңі нұсқау мазмұнымен байланысып жатады.

3. Кейіннен ғылыми жетекшісі студенттерді әдебиеттермен жұмыс істеуге негіздейді, материалды жинау әдістері педагогикалық тәжірибе және эксперименталды бағдарламалардың құрылуына негіз болады.

4. Жетекші студентке олардың жұмыстарында көмек көрсетіп, курстық жұмысты орындауды систематикалық бақылап, консультация белгіленіп, тақырып бойынша жинақталған материалды талдайды.

5. Ғылыми жетекші курстық жұмысты зерттеп және рецензиялайды, кафедраға курстық жұмыстың дайындығы туралы хабарлап, қорғау күнін белгілейді.

Курстық жұмыстарға жалпы жетекшілікті кафедралар, оқу ісі жөніндегі проректор жүзеге асырады. 2-3-ші курстарда студенттер курстық жұмыс тақырыбын және ғылыми жетекшісін таңдайды.

1-ші кездесу барысында курстық жұмыстың тақырыбы анықталып, оны даярлау кестесі құрылады. Айына екі рет оқытушы студентке кеңес беріп отыруы тиіс және дер кезінде де көмек береді.

Жетекшінің міндеті – аяқталған курстық жұмысты тексеру, жазбаша пікір беру (қосымшаны қараңыз) және студенттерді курстық жұмысты қорғауға даярлау. Ең жақсы курстық жұмыс ғылыми-практикалық конференцияға ұсынылады. Курстық жұмыстар арнайы журналға тіркеліп, тиісті бағасы қойылады.

Курстық жұмыстардың құрылымы:

1. Теориялық-логикалық сипаттағы курстық және дипломдық жұмыстар

Берілген әдістерді терең оқу арқылы бір ғылыми мәселенің ашылу жағдайын қарастырады. Студенттер мұндай жұмыстарды орындай отырып, библиографиялық ізденіс жасай білуі керек. Әдеттегі берілген материалдарға талдау жасайды.

Зерттелінетін мәселе бойынша ұсыныстар жасап, жаңа идея ұсына алады немесе бұрынғы идеяға түзету енгізеді, қорытынды жасайды. Мұндай типтегі курстық жұмыстың құрылымының үлгісін ұсынамыз:

Курстық жұмыс құрылымы:

1. Өңірбет (Титулды бет)
2. Жоспары
3. Кіріспе
4. Негізгі бөлім
5. Тақырыпқа байланысты әдебиеттерге шолу
6. Қорытынды
7. Әдебиеттер тізімі

2. Озық тәжірибені оқып үйрену негізінде орындалатын курстық және дипломдық жұмыстар.

Озық тәжірибе – педагогикалық оқу орындарының оқу-тәрбие процесіндегі жоғары сапаға ие болған нақты ісі. Студенттер озық тәжірибені оқып үйрену үшін мына жағдайларды ескерулері керек:

1. Тәжірибе авторы шешкен нақты педагогикалық міндет
2. Оқу мен тәжірибенің нәтижелері, тиімділігі
3. Педагогикалық тәжірибедегі автордың нақты әрекеттері
4. Жаңалығы
5. Тәжірибенің негізгі идеясы
6. Шығармашылықты іске асыру шарттары
7. Тәжірибе авторының даралық сапасына мекеме және өлке жағдайларына

байланыстылығы

8. Тәжірибені игеріп, меңгерудің жолдары мен құралдары.

Құрылымы:

1. Өңірбет
2. Жоспар
3. Кіріспе
4. Әдебиеттерге шолу
5. Озық тәжірибені оқып үйрену әдістемесі және ұйымдастырылуы
6. Тәжірибенің нәтижесін талқылау
7. Қорытынды
8. Ұсыныстар
9. Әдебиеттер тізімі
10. Қосымша

3. Эксперименттік сипаттағы курстық және дипломдық жұмыстар

Анықтау, бақылау, қалыптастыру эксперименттерін пайдалану арқылы орындалады. Анықтау эксперименті негізінде студент эксперименттік жолмен зерттелінетін педагогикалық жүйенің жағдайларын анықтайды. Құбылыстар арасындағы байланыс фактілерін табады.

Қалыптастырушы эксперимент жағдайында студент нақты педагогикалық міндеттерді шешу бағыттарын, арнайы шараларды пайдаланады. Эксперименттік сипаттағы курстық жұмыстарды орындау кезінде мына жағдайларды ескеру керек:

1. Таңдалған тақырып бойынша жарық көрген жұмыстарға теориялық талдау жасау.

2. Шешілмеген мәселелерді анықтау.

3. Зерттеудің мақсаты, міндеттерін, болжамын белгілеу.

4. Эксперимент жүргізуге дайындық.

5. Зерттеу нысанасын, әдістерін таңдау.

6. Эксперимент қорытындысын шығару.

Құрылымы:

1. Өңірбет

2. Жоспары

3. Кіріспе

4. Негізгі бөлім

5. Зерттеу нәтижесін талдау

6. Қорытынды

7. Ұсыныстар

8. Әдебиеттер тізімі

9. Қосымша

4. Тарихи логикалық сипаттағы орындалатын курстық және дипломдық жұмыстар

Белгілі бір кезеңдегі өскелең ұрпақтың тәжірибе жұмысын қалыптастыру заңдылықтарын, нәтижелерін, мақсатын зерттеу.

Мұндай типтегі курстық және дипломдық жұмыстарды негізінен тарих, философия факультеттерінің студенттері белгілі бір тарихи құбылыстың мән-жайын, тарихи оқиғаның шығу себептерін, педагогика тарихы, баспасөз тарихы туралы мәселелерді зерттеу барысында орындайды.

Бұл жағдайда тарихи ғылымдарда пайдаланатын зерттеу әдістері қолданылады. Олар:

1. Тарихи материалдарды тарихи теориялық тұрғыдан талдау.

2. Жүйелік талдау

3. Құрылымдық талдау

4. Статистикалық талдау

Құрылымы:

1. Өңірбет

2. Кіріспе

3. Зерттелінер құбылыстың пайда болуын, дамуын іздестірудің педагогикалық шарттары

4. Жұмыстың мазмұнын, формасын, әдістерін жетілдіру

5. Қорытынды

6. Әдебиеттер тізімі

7. Қосымша

Кіріспе. Тақырыптың өзектілігі, әдебиеттерге, зерттеу әдістеріне, тәжірибе өткізілген базаға сипаттама, тараулардың мазмұны бойынша қысқаша түйіндеме, зерттеудің жаңалығын баяндау.

I тарау. Тақырыптың теориялық негізделуі.

1.1. Зерттелетін проблеманы ғылыми негіздеу және оның тарихы.

1.2. Проблеманың қазіргі жай-күйі, зерттелген әдебиеттер және мектеп практикасы негізінде оның өзектілігін көрсетіп, салыстырмалы түрде дәлелдеу.

1.3. Практика қажеттіліктеріне сүйене отырып, зерттелетін проблеманың мазмұнын, формаларын және әдістерін өзектілеу.

II тарау. Зерттелетін проблема бойынша жұмыс жүйесін апробациялау (сынақтан өткізу), яғни гипотезаны тексеру және ұсыныстар беру.

2.1. Тәжірибе жұмысын даярлауды баяндау.

2.2. Тәжірибе жұмысын өткізуді баяндау.

2.3. Тәжірибе жұмысының нәтижелерін талдауды баяндау.

2.4. Қолданылған әдіс-тәсілдерді (оқыту және тәрбиелеу құралдарын) пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар.

Қорытынды:

- тараулар бойынша қорытындылар саны;

- жалпы жұмыс бойынша өзіндік баяндама;

- зерттеудің теориялық және практикалық мәніне, ғылыми жаңалығына кең түрде сипаттама.

Әдебиеттер тізімі; Иллюстрациялар; Қосымшалар;

Қосымша 5

11. Педагогика пәні бойынша курстық жұмыстың үлгісі

Курстық жұмыстың құрылымы:

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

I тарау. Этнопедагогика материалдары арқылы бастауыш сыныптағы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің теориялық негіздері.

1.1. Этнопедагогика материалдары арқылы бастауыш сыныптағы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.

1.2. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау.

II тарау. Бастауыш сыныптағы оқушыларды этнопедагогика материалдары арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны, әдістері мен формалары.

2.1. Бастауыш сыныптағы оқушыларды этнопедагогика материалдары арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің ерекшеліктері

2.2. Оқу-тәрбие үрдісінде этнопедагогика материалдары арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны және ұйымдастырылуы.

2.3. этнопедагогика материалдары арқылы адамгершілікке тәрбиелеу тиімділігінің шарты ретінде оқу және тәрбие жұмыстарының бірлігі.

2.4. Тәжірибе жұмысын ұйымдастыру, оның нәтижелері және тиімділік көрсеткіштері.

ҚОРЫТЫНДЫ

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

ҚОСЫМШАЛАР;

Зерттеу объектісі: Бастауыш сыныптағы оқушыларды этнопедагогика материалдары арқылы адамгершілікке тәрбиелеу процесі.

Зерттеу пәні: Бастауыш сыныптағы оқушыларды этнопедагогика материалдары арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің формалары, әдістері және құралдары.

Проблема: Бастауыш сыныптағы оқушыларды этнопедагогика материалдары арқылы адамгершілікке тәрбиелеу формалары, әдістері және құралдарының қайсысы тиімдірек.

Зерттеу гипотезасы: Бастауыш сыныптағы оқушыларды этнопедагогика материалдары арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің тиімділігіне мына жағдайларда қол жеткізуге болады: қоршаған адамдардың адамгершілік бейнесі және олардың беделге иеленуі, баламен қарым-қатынас жасаудың ізгіліктік сипаты; қазіргі талаптарға сәйкес адамгершілік тәрбиесінің міндеттерін жүзеге асыруға мұғалімнің даярлығы; мектепте адамгершілік-хұқықтық орта және қарым-қатынас стилін орнату.

Зерттеу міндеттері:

1. Бастауыш сыныптағы оқушыларды этнопедагогика материалдары арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің қазіргі мазмұнын және қазіргі заман талаптарына сәйкес адамгершілік тәрбиелеудің әдістерін анықтау.

2. Бастауыш сыныптағы оқушыларды этнопедагогика материалдары арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің ерекшеліктерін талдау.

3. Адамгершілік тәрбиесінің міндеттерін жүзеге асыруға мұғалімді даярлау жолдарын анықтау.

4. Бастауыш сыныптағы оқушыларды этнопедагогика материалдары арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің таңдалған формалары, әдістері және құралдарының тиімділігін эксперимент жүзінде тексеру.

5. Бастауыш сыныптағы оқушыларды этнопедагогика материалдары арқылы адамгершілікке тәрбиелеуді жүзеге асыруда ұсыныстар даярлау.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті
Педагогикалық технологиялар институты
Педагогика және психология кафедрасы

РЕФЕРАТ

Тақырыбы: _____

Студенттің фамилиясы, аты, әкесінің аты:

Мамандығы: _____

Курсы: _____

Тобы: _____

Ғылыми жетекшісі (Ф.А.Ә.) _____

Бағасы: _____

Уақыты: _____

Ақтау қаласы – 2012ж

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті
Педагогикалық технологиялар институты
Педагогика және психология кафедрасы

(пәннің атауы) бойынша

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Тақырыбы:

Студенттің фамилиясы, аты, әкесінің аты:

Мамандығы: _____

Курсы: _____

Тобы: _____

Ғылыми жетекшісі (Ф.А.Ә.) _____

Бағасы: _____

Уақыты: _____

Ақтау қаласы – 2012ж

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті
Педагогикалық технологиялар институты
Педагогика және психология кафедрасы**

КУРСТЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы:

Студенттің фамилиясы, аты, әкесінің аты:

Мамандығы: _____

Курсы: _____

Тобы: _____

Ғылыми жетекшісі (Ф.А.Ә.) _____

Бағасы: _____

Уақыты: _____

Ақтау қаласы – 2012ж

Пікір жазу бланкісі
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті
Педагогикалық технологиялар институты
Педагогика және психология кафедрасы

Мамандығы: _____

Курсы: _____

Тобы: _____

Студент:(Ф.А.Ә.) _____

Тақырыбы:

Пікір:

Күні: _____

Бағасы: _____

Оқытушы қолы: _____

Курстық жұмыстың сапасын бағалау критерийлері:

Курстық жұмыс тапсырылғаннан кейін оған ғылыми жетекшісі пікір жазады. Курстық жұмысының сапасын талдау объектісі – жұмыс барысында алынған теориялық және практикалық жаңалықтардың жиынтығы.

Курстық жұмысқа баға беруде оның теориялық, практикалық мәнін және өзектілігін атап өткен дұрыс.

Теориялық мәні:

- зерттеудің нәтижелері оқыту мен тәрбиелеудің ғылымда бар тұжырымдамаларын, идеяларын, тұрғыларын толықтырады, дамытады;
- зерттеудің нәтижелері дидактика, тәрбие теориясындағы кейбір қағидаларды нақтылайды;
- зерттеудің нәтижелері осы саладағы бар теориялық қағидаларды қайталайды.

Практикалық мәні:

- алынған нәтижелерді практикаға, оқу-тәрбие процесіне, оқыту әдістемесіне ендіру;

- зерттеу нәтижелері жеке-әдістемелік сұрақтарды, тәрбие тәсілдері мен әдістерін шешуде маңызды болып табылады.

Зерттеудің өзектілігі оқыту мен тәрбие теориясы және практикасын дамытуда зерттеліп отырған проблеманы қарастыру және шешу қажеттілігін және дер кезінде шешім табу керектігін көрсетеді.

12. Әдебиеттердің және ақпарат көздерінің библиографиялық аппаратын жазу:

1. Егер ақпарат көзінің авторы белгілі болса, онда алдымен оның фамилиясы, кейін инициалдары жазылады:

Қоянбаев Ж.Б, Қоянбаева Р.М., Педагогика. – Алматы, 2004.

Рогов Е.И. Настольная книга практического психолога в образовании. – М., 1995.

2. Егер авторлар екеу немесе үшеу болса, онда авторлардың барлығы инициалдарымен кітапта орналасуы бойынша көрсетіледі:

Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. – Алматы, 2004.

3. Егер авторлар үшеуден көп болса, онда тек бірінші автордың фамилиясы және т.б. деген сөзбен тіркеле көрсетіледі:

Маркова А.К. және т.б. Ақыл-ойды диагностикалау және коррекциялау. – Петрозаводск, 1992.

4. Егер ақпарат көзінде қосымша мәліметтер (оқу құралы, оқулық, еңбектер жинағы, шолу, ғалым жазбалары) болса, онда негізгі атауынан кейін қос нүкте қойылып, бас әріппен қосымша мәліметтер беріледі:

Поляков С.Д. Психопедагогика воспитания: Опыт популярной монографии с элементами учебного пособия и научной фантастики. – М., 1996.

5. Егер ақпарат көзі жалпы редакциядан (редакциясын басқарған) шыққан болса, онда ақпарат көзінің атауынан кейін бір қиғаш сызық (/) қойылады және әріптен кейін жазылады: /Жалпы ред.басқарған немесе Ред.басқарған. Содан соң – редактордың фамилиясы және инициалдары беріледі. Егер редакторы немесе құрастырушысы көрсетілсе, онда бұнда да бір қиғаш сызық (/) қойылады және бас әріппен жазылады: /Ред. немесе Құраст. Содан соң – редактордың немесе өқрастырушының фамилиясы және инициалдары беріледі.

Оқушыларды тәрбиелеудің үлгі мазмұны /Редакциясын басқарған А.С.Макаренко. Аударған З.Бейсенбаев/. - А., 1978.

Оқушыларды сабақтан тыс уақытта тәрбиелеу /Құрастырған В.П.Қырқалов, П.Э. Шпитальник. – А., 1975.

Ұстаздың шеберлікке жету жолдары /Құрастырған Ж.Нұржанова. – А., 1991.

6. Егер сілтеме белгілі бір мақалаға (әңгіме) берілсе, ал ол мақала сол автордың басқа шығармаларының ішінде болып, олардың бәрі бір кітапта орналасса, онда автор фамилиясы және инициалдарынан кейін мақала (әңгіме)

атауы беріледі де екі қиғаш сызық (//) қойылып, ақпарат көзінің барлық библиографиялық мәліметтері беріледі:

Коменский Я.А. Великая дидактика //Коменский Я.А. Соч.: В 2 т. – М., 1982. – Т 1. – С.242-446.

7. Көптомдық басылымдарды жазуда автордың фамилиясы және инициалдарынан кейін былай жазылады: *Шығ..жынағы немесе Шығ.*, қос нүкте қойылып, томның саны көрсетіледі: 3 т., 10 т.

8. Басылымның реттік нөмірі былай жазылады: *5-ші басылым; 2-ші басылым, толықтырылған; 3-ші басылым, түзетулер енгізілген.*

9. Баспадан шыққан жері – міндетті библиографиялық элемент – атау септігі формасында беріледі: *Алматы – А.; Астана –Ас.; Москва – М.; Ленинград – Л.; Санкт-Петербург – Спб.; Лондон - L.; Нью-Йорк –N.Y*

10. Баспадан шыққан жылы «ж.» әріпінсіз толық көрсетіледі: *2012.*

11. Газет, журналдардан алынған ақпараттар былай көрсетіледі: автордың фамилиясы және инициалдары, мақала атауы, содан соң екі қиғаш сызық (//) қойылып, газет, журналдың атауы, нүкте, тире, жылы, нүкте, тире, журнал нөмірі (егер газеттен алынған болса, газеттің шыққан күні), нүкте, тире, беті, нүкте.

Шешенханова М. Мектеп басқарудың демократиялық алғышарттары //Қазақстан мектебі. – 1993. - № 2. – Б.3-6.

13. Дипломдық жұмыстарды орындау әдістемесі

1. Диплом жұмыстарының ғылыми жетекшілері әдістерді жоғары жүйелеу мақсатында өз жұмыстарын міндетті түрде белгілі жылдамдыққа жеткізіп отыру керек.

Бірінші кезеңде жетекші нақты тақырыптың мақсатын, гипотезасын, негізгі кезеңдерін, зерттеу әдістері мен көздерін таңдауда студентке көмектеседі. Дипломдық жұмысты орындауда жетекші шектелген уақыттың өзгергенін ескере отырып, студентке тиімді жолдарды таңдауға көмектеседі.

Дипломдық жұмысты жазған жағдайда студент жұмысында жеке үйлесімдер болуы керек, әсіресе оқуға дайындық, қабілет, оның дербестік деңгейі, инициативалары. Ғылыми жетекшіден кеңес алуға кездесуге кесте құру керек. Студент өзіне жүктелген үлкен жұмыстарды белгілеуі қажет, ғылыми жетекшілер белгілеген жоспар қорытындыларынан ақпарат беріп отыруы керек.

Студенттің дипломды орындау барысында жетекші әрбір кезең қорытындыларын, оның дербестік зерттеу жұмыстарын тексереді, дипломанттың алдағы іс-әрекеттерінің мазмұны туралы нақты жарғы береді, кейін бөлім бойынша жай жазған қағазды оқиды, олардың қайта жұмыстауына кеңес береді, әрбір кезеңнің қорытындысы бойынша студенттің жұмысын талқылайды.

Кезеңнің соңында ғылыми жетекші қолмен жазып аяқтаған мәліметтерді тексереді, жұмысқа шақыру қағаздарын құрады, кафедра мен оқу кеңесінің факультетіне дипломды қорғауға дайындығын жариялайды.

Жоғары оқу орындарында дипломдық жұмысты қорғау кезеңі келесі талаптар бойынша:

- аяқталған дипломдық жұмысқа студент қолын қояды және жетекшіге ұсынылады. Ол қарап болғаннан кейін ғылыми жетекші өзінің жазу бөлімімен бірге дипломды кафедра меңгерушісіне ұсынады;

- жұмысты қорғау үшін жасалған мінездеме болу керек. Жетекшілері осы мәліметтің негізіне сүйене отырып, жұмысты қорғауға болатындығы туралы шешеді, осы бойынша дипломдық жобаға сәйкес келетін жазуларды жасайды;

- қорғауға ұсынылған дипломдық жұмыс институт директорына рецензиялауға жіберіледі. Рецензиялаушы құрамы кафедра меңгерушісінің ұсынысы бойынша оқытушылармен анықталады.

Рецензияға өндіріс мамандары және ғылыми мекемелердің, жоғары оқу орындарының немесе басқа мекемелердің профессорлары ұсынылады, егер олар осы кафедрада жұмыс жасамайтын болса;

- Институт басшысы рецензияға сәйкес келетін кафедра меңгерушісімен таныстырады, диплом қорғаушы студентті және дипломдық жұмысты қорғау үшін МЕК рецензиясына бағыттайды.

Дипломдық жұмыс қорғалғаннан кейін оқу мекемесінің архивіне сақтауға тапсырылады.

Дипломдық жұмысты қорғағанда тақырыптың өзектілігі, мазмұны ескеріліп қана қоймайды, сонымен қатар зерттеу жұмысының нәтижесі, студенттердің ғылыми конференцияға қатысуы ескеріледі.

Ғылыми жетекші диплом қорғаушыға зерттеудің нәтижесін іс-жүзінде асыруға көмектеседі.

Жетекші дипломды қорғау кезінде қатысып, оның сапалы да қазіргі заман талабына сай орындалуына жауап береді. Бірақта қандай жағдай болмаса да диплом жазушы студенттің жауапкершілігі алынбайды. Дипломдық жұмысты басшылыққа алғанда педагогика және әдістемелік үйрету кезінде белгілі бір қиындықтар кездеседі.

Студенттің жұмысын 2 ғылыми жетекші басқаруына болады - олар мысалы, педагогика және әдістеме кафедрасының мұғалімдері. Олай дейтініміз, кейбір жағдайда кеңестер мен психология маманы қажет болады, іс жүзінде кей жағдайда ғылыми жетекшілердің арасында келіспеушіліктер болып жатады.

Сондықтан, бұл қиындықтардан құтылу үшін келесі ұстанымдарды ескеру қажет: диплом қорғайтын студентке кеңес бермес бұрын, ғылыми жетекшілер мәселенің бағытын, зерттеу пәнін, сол мәселені шешу кезінде қандай жоспар шешілуі мүмкіндігін, әдістемелік негіз барысында психологиялық, педагогикалық қандай теориялар болуы мүмкіндігін алдын-ала келісіп алуы қажет.

Біздің университеттің практикасында педагогика-психология бойынша ғылыми зерттеу жұмысы барысында студенттер қандайда болмасын бір проблеманың негізін зерттейді. Әдістемені оқыту бойынша курстық жұмыс, кейін дипломдық жұмыс жүргізілген зерттеуді жалғастыру және аяқтау болып табылады.

Егер студент дипломдық жұмыстың тақырыбын бітірер алдында қарастыратын болса, ғылыми жетекшілер дипломдық жұмыстың жалпы жоспарын құруға көмектеседі.

Дипломдық жұмысты аяқтар кезінде ғылыми жетекшілер дипломдық шығарманы тексереді және біріккен шақыруларды(алдын-ала қорғау) құрайды.

14. Дипломдық жұмысты орындау әдісі.

Дипломдық жұмыс өзіндік ғылыми зерттеу бойынша әдістерді комплексті түрде қолданғанда ғана белгілі болуы мүмкін.

Сондықтанда дипломдық жұмыстың ғылыми деңгейі курстық жұмыстан жоғары тұрады. Басқа жағдайда олар кандидаттық диссертацияның бір бөлігі болып қалыптасады. Соған сәйкес әзірлік дипломантқа өздігінен келмейді, оған методологиялық негізінің қалыптасуы және процедура, ғылыми педагогикалық зерттеудің әдістемесін үйрену қажет.

Психологиялық-педагогикалық тәртіпті төменгі курстарда студенттер әдебиет көздерінен, педагогикалық бақылау әдістерінен, әңгімелесулерді өткізумен, анкета, тест өткізу кезінде үйренеді. Олар өз әрекеттеріндегі объекті білім жүйесін педагогикалық процесте үйренеді.

Тәжірибе көрсеткендей, дипломант үшін қиыншылық оның тандап алған проблемасын зерттеудегі әдіснамалық негіздер болып табылады. Сондықтанда ғылыми жетекші диплом қорғаушы студенттермен кеңесуді, олардың тақырыбына байланысты әдіснамадағы белгілі сұрақтар бойынша жүргізіледі.

Ғылыми жетекшінің басшылығы бойынша студенттер зерттеу әдістемесі мен процедураны игереді.

Студенттің аяқталған жұмысының нәтижесінің саналы болуына, оның жазу кезіндегі әзірлігінің кезең бойынша жүруінде екеніне көзін жеткізу қажет. Сондықтанда студентпен біріге отырып, оның дипломдық жұмысының жүйелі ғылыми болуын қадағалау керек.

Дипломдық жұмыста студенттердің жан-жақты ғылыми әрекеті комплексті түрде әдеби көздерге теориялық анализ жасау, педагогикалық тәжірибені беру мектеп практикасына ғылыми әдістемелік нұсқауды енгізу, зерттеу нәтижесін өңдеу.

Дипломның ғылыми деңгейі, көбіне студенттің қиын болмаса да бір ғылыми педагогикалық зерттеудің басқа әдістерімен эксперимент жасауына тәуелді. Бұдан шығатыны, педагогика курсының педагогикалық эксперименттер нәтижесіне студент тереңірек үніледі деген сөз.

Мысалға келтірілген кезеңдері және ғылыми-педагогикалық зерттеулердің жан-жақты әдістері төмендегі кестеде көрсетілген. Кесте 2

Кесте 2 Дипломдық жұмысты орындаудың сызба-үлгісі:

Кезең	Жұмыс мазмұны	Түрі, жұмыс әдісі	Уақыт мерзімі
1 - эзірлік кезеңі	<p>1. Әдіснама бойынша білімді, процедураны, ғылыми педагогикалық зерттеу әдістерін тереңдету</p> <p>2. Дипломдық жұмыстағы талаптарды орындау</p> <p>3. Тақырып таңдау және оның өзектілігі;</p> <p>4. Дипломдық жұмыстың көлемі мен аспектісін анықтау</p> <p>5. Дипломдық жұмысқа жоспар құру</p>	<p>1. Семинар-әдіснамалық кеңес бойынша процедура мен зерттеу әдісі</p> <p>2. Түсіндіру-әңгімелесу</p> <p>3. Ақыл-ой еңбегін ұйымдастыруда ғылыми негіздердің әдебиеттеріне сүйену, оқу, талдау, тізім түрлері.</p> <p>4. Ғалымдардың еңбектеріне теориялық талдау жасау.</p> <p>5. Педагогика бойынша бір арнайы семинарды іс жүзінде қолдану</p> <p>6. Ғылыми жетекшілермен кеңесу</p>	<p>3-ші курстың екінші жарты жылдығындағы дипломдық жұмысты алдынала анықтау. Дипломдық жұмыспен оларды орындаушыларды кафедрамен таныстыру, қосымша кеңес беру, бітіретін курстарды бекіту</p>
2- кезең Дипломдық жұмыстың мазмұнын жоспарлау және бағыттау. Зерттеу әдістері мен процедураларын өңдеу	<p>1. Жұмыс бағытын анықтау мәселесін, тақырып, мақсат, ғылыми зерттеу гипотезасының тапсырмаларын диплом құрылымымен танысу, жұмыстану</p> <p>2. Әдіснамалық тұжырымдардың қалыптасуы. Зерттеу әдістемелерімен процедураларын өңдеу</p> <p>3. Дипломдық жұмыстың теориялық және практикалық негізгі жинақтарын анықтау</p> <p>а) библиография құру</p> <p>б) педагогикалық тәжірибені және эксперимент жұмыстарын өткізу материалын жинақтау аймағын анықтау</p> <p>4. Тақырып бойынша тәжірибелерді үйрену бағдарламаларын құру</p> <p>5. Зерттеу тақырыптары бойынша педагогикалық немесе</p>	<p>1. Әдіснама, процедура және зерттеу әдістері бойынша алынған білім негізінде дипломдық жұмыстың жобасын(моделін) құру</p> <p>2. Дипломдық жобаның ғылыми жетекшілерін қарастыру</p> <p>3. Кітапханада жұмыстану, әдебиет көздеріне картотека құру</p> <p>4. Ғылыми жетекшімен жеке кеңес құру.</p> <p>5. Зерттеу бағдарламаларының өзіндік өңдеуі, безендірілуі.</p>	<p>15-ші қарашаға дейін.</p>

	экспериментальдық тәжірибелерінің бағдарламаларын құру		
3-кезең жек е зерттеу жұмыстары	<p>1. Дипломант мәселелерін теориялық және тарихи түрде үйрету</p> <p>2. Мектептермен, бөлек мұғалімдер, ұйымдастырушылар, мектептен тыс және мектепшілік тәтбие жұмыстарын педагогикалық тәжірибеде үйрету</p> <p>3. Тәжірибелі педагогикалық немесе экспериментальды жұмыстар өткізу</p> <p>4. Педагогикалық тәжірибелерді үйрету барысында алынған тұжырымдамаларды тексеру және анықтау</p>	<p>1. Қарастыру, оқу әдебиеттерінің жинақталған материалдарының диплом жұмыстарымен сәйкес келу жүйесі.</p> <p>2. Оқыған әдебиет бойынша ғылыми-теориялық талдау (әдіснамалық негізді анықтау, мәселе бойынша тарихта дамыған маңызды көзқарастарды жүйелеу, зерттеу тақырыптарына өзіндік қарым-қатынастардың әсер етуі т.б.)</p> <p>3. Педагогикалық тәжірибелерді үйрену әдістері: бақылау, әңгімелесу, сұхбаттасу, анкета, интервью, мектеп құжаттарын жаттау, алынған мәліметтерді жалпылау және талдау.</p> <p>4. Ғылыми-әдістемелік баяндамаға дайындық</p> <p>5. Педагогикалық практикаға дайындық</p> <p>6. Педагогикалық түрлі эксперимент жұмыстарын жүргізу, педагогикалық-тәжірибелік жұмыс.</p> <p>7. Талдау және жалпылау.</p> <p>8. Алынған материалдар бойынша талдау және жалпылау, оларды ғылыми-әдістемелік баяндамада курстық жұмыстың мазмұны бойынша оқыту, талдау, безендіру.</p> <p>9. Қосымша бақылау, тәжірибелер, ізденіс жұмыстары, эксперимент қорытындылары</p>	Қыркүйек-қазан, ақпан-наурыз (соңғы курстағы педагогикалық практиканы ұйымдастыру)
4-кезең Тақ ырып бойынша жұмыс қорытындыларын тарату және	1. Ауызша және тасбаша шығаруға дайындық	<p>1. Педагогикалық кеңес мектептерінде, әдістемелік бірлестіктерде, отырыстарда, педпрактика бойынша жалпы конференцияда баяндамалар оқу</p> <p>2. Басылымдармен шығуға дайындық</p> <p>3. Плакаттар, слайдтар, әдістемелік өңдеулер, қосымша материалдар дайындату</p>	Практикалық педагогикалық негізінде

енгізу			
5-кезең дипломдық шығарма мен жұмыс	<p>1. Дипломдық жұмыстың композициясын анықтауды аяқтау</p> <p>2. Жазбаша мазмұны мен жұмыс қорытындылары бойынша зерттеу тапсырмаларын шешу</p> <p>3. Қолжазбаларды толықтай өңдеу</p> <p>4. Дипломдық жұмысты қорғау. Мемлекеттік комиссияның алдында ауызша баяндау.</p> <p>5. Тақырыпты ГАК талаптары бойынша ұсыну (картотекалар, аннотациялар, конспектілер архив материалдары т.б.)</p>	<p>1. Диплом жобасы жөнінде ғылыми жетекшімен талқылау</p> <p>2. Дипломдық жұмыстың өзектілігін анықтап, негізгі міндеті мен мақсатының орындалғандығын дәлелдеу, теориялық бөлімін талдау, қорыту.</p> <p>3. Эксперименттің қорытындысын талдау, салыстыру, дәлелдеу, математикалық өңдеу т.б</p> <p>4. Жазбаша мазмұндаманың мәні мен зерттеу тапсырмаларын орындау бойынша жалпы жұмыс қорытындылары мен тұжырымдамаларды, ұсыныстарды белгілеу</p> <p>5. Ғылыми жетекшіге ұсыну, тексеру, жұмысты рецензиялау</p> <p>6. Қорғау үшін баяндаманы құру (баяндама 15 минутқа есептелген, кіріспені, бөлімді, қорытындыны қосуға болады)</p> <p>7. Таблицалар, графиктер, диаграммалар, иллюстрация</p>	Жоғары оқу орындарында, соңғы оқу жылының ішінде

Курстық және дипломдық жұмыстарды орындауда әдістеме бойынша мысалға келтірілген курстық және дипломдық жұмыстың процедура және орындау әдістемесінен әдістемелік ұсыныстары жалпы талаптың мақсатын қамтамасыз етеді, мысалы: мұғалімдердің, студенттердің жұмыстарын, оларға көмектесу кезеңдерін.

Кезеңдер, жұмысты орындау әдісі мен пішінінің құрамын жалпы жарнама сапаларымен қарастыру керек, есеп бойынша әрбір тақырыпқа бөлек-бөлек басшылықпен ғылыми жетекшіге студент нақты жоспар құрады. Курстық және дипломдық жұмысқа деген негізгі нормативті талаптарға негіз болып табылатын құжат - Қазақстан Республикасының білім берудің ұлттық моделдерін құру және қалыптастырудан шығады.

«Білім беру туралы заңдары (1990-2010)», «Мемлекеттік бағдарламасы», «Білім беру» (2000) «Қазақстан Республикасының ғылыми және ғылыми технологиялық саяси концепция» (2000) және т.б.

Курстық және дипломдық жұмыстар қазіргі студент - болашақ мамандарды басқа ғылыми-зерттеу әрекеттерінің формаларымен қабілеттендіріледі, болашақ мұғалімдердің зерттеу мәдениеттерінің негізін қалыптастырады.

15. Курстық және дипломдық жұмыстың негізі ретінде мұғалімнің мәдени шығармашылық зерттеулерінің қалыптасуы және ұйымдастыру әдістері.

Мұғалімнің негізгі зерттеу мәдениеті болашақ мамандарды жоғары деңгейде дайындау процесінде қалыптасады.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына қалыптастыруға ұйымдастырушылық-педагогикалық тәжірибелер біршама жинақталды. Университеттердің білім беру мазмұны, бастапқы білімдерімен ұштасып, болашақ мұғалімдердің теориялық-әдістемелік дайындығына көмек береді.

Өзіндік жұмыстарға бөлінген сағаттардың көбеюі, студенттердің танымдық өзбетілігін және олардың әдебиет көздерімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады.

Жоғары оқу орнында білім беру процесіндегі интенсификация - тәрбиедегі мотивациялық бағытталуға негізделіп, танымдық және жоғары іс-әрекет әдістерінің қалыптасуына бағытталады. Жоғары оқу орнындағы білім беру процесі өзіндік білімін жетілдіру және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен тығыз байланысты.

Болашақ мұғалім кадрлары дайындауда негізінен мынадай зерттеу жұмыстары өткізіледі: ғылыми баяндамалар, мақалалар, реферат, курстық және дипломдық жұмыстар, педагогикалық тапсырмаларды шешу, педагогикалық практикадағы шағын зерттеулер және т.б.

Болашақ мұғалімдердің ғылыми зерттеу түрлерінің ең жоғары формасы – бұл курстық және дипломдық жұмыстар болып табылады.

Бір жыл ішіндегі нақты тақырыппен жұмыс жасау, ал дипломдық жұмыспен 2-3 жыл аралығындағы оқу бітіруші топ студенттерінің өздері зерттейтін мәселенің тек теориялық жағымен ғана танысып қоймай, сондай-ақ оны практикалық жағымен ұштастырып, ғылыми-педагогикалық зерттеулердің негізгі әдістерін меңгеруі өте маңызды.

Осы уақытқа шейін курстық және дипломдық жұмыстарға байланысты талаптар педагогикалық дисциплинаға, яғни ғылыми-зерттеу әрекетінің осы түрлеріндегі дайындығы және жетекшілігі әдістердің педагогикалық әдебиеттерде жеткілікті дәрежеде емес екендігін көрсетеді.

Курстық жұмысты жазу үлгісі студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетінің кейбір қателіктерін атап көрсетеді.

Студенттер оқу жоспары бойынша жоғары оқу орнындағы оқыған жылдары 3-4 курстық жұмыс дайындайды.

Педагогикалық жоғары оқу орнындағы дипломдық жұмыстағы жетекшіліктің кейбір кемшіліктері бар. Дипломдық жұмыстар бүгінгі күнге дейін оқу процесіндегі негізгі орынды алмайды. Бірақ студент дипломдық жұмыстың жоспарымен көп жұмыстанады, теориясын меңгеруге байланысты, одан өте мазмұнды қорытынды күтуге болады, ал теорияның практикамен өзара байланысы студентке ғылыми-педагогикалық зерттеудің әдістерін және процестерін игеруге көмектеседі.

16. Курстық және дипломдық жұмыстарды орындауды ұйымдастыру

Зерттеу жұмыстары, оның ішінде курстық және дипломдық жұмыстарды орындауды ұйымдастыру, эксперимент жүргізуге студенттерді дайындау, эксперимент жоспарын құра білу, оқушылармен зерттеу жүргізудің әдіс-тәсілдерін меңгеру, эксперимент қорытындысын өңдеу сияқты зерттеу жұмыстарының өзіндік критерийлік мәселелерін көптеген ғалымдар өз еңбектерінде зерттеді. (И.Д.Андреев, Ю.И.Бабанский, В.И.Журавлев, Н.А.Сорокин, Н.Е.Соколова) және т.б.

Зерттеу тақырыбын таңдау – ең жауапты кезең.

Қазіргі кезде көптеген ғылыми салаларға байланысты тақырыптардың өзектілігіне сәйкес, оның е теориялық немесе практикалық бөлімдеріне қайта өңдеу жасау арқылы ғылыми тұрғыдан көптеген жұмыстар жүргізуге болады.

Жоғарғы оқу орны білім беру кезеңінің соңғы дипломдық жұмысының мынадай мақсаттары бар:

- актематизация, мамандық бойынша теориялық және практикалық білімдерінің кеңеюі және толықтырылуы, нақты ғылыми тапсырмаларды шешуде техникалық экономикалық және өнеркәсіптік тапсырмаларды, сондай-ақ мәдени ұйымдастырушылық тапсырмаларды шешуде қолданылады;

- өзіндік жұмысты жүргізудегі дағдылардың дамуы, зерттеу әдістерін меңгеруде және дипломдық жұмыстағы мәселелер мен сұрақтардың жауаптарын өңдеудегі эксперименталды жұмыстар.

Курстық жұмыстан аса қиынырақ, дипломдық жұмыстарды зерттеу негізі: студент тапсырмаларды негіздеуі керек; проблеманы көру керек, зерттеу пәнін гипотеза арқылы шығару, мақсат пен мазмұнын ашып және олардың ғылыми-педагогикалық зерттеудің адекватты емес әдістерін алып тастауы қажет.

Дипломдық жұмыстардағы тәжірибелік-педагогикалық және эксперименталды жұмыстар студенттің педагогикалық практикасында көрінеді.

Дипломдық жұмыстың тақырыбы, қазіргі уақыттағы актуальды мәселе республикадағы білім беру перспективасының қазіргі жағдайына байланысты болып табылады.

Дипломдық жұмыстың тақырыбы тек қана актуальды болып қана қоймай, ғылыми және практикалық жоспарда студенттердің қызығушылығымен сәйкес келуі тиіс: мысалы, өзін зерттеуші ретінде көрсетуге, әртүрлі жинақтау әдістемелерді тиімді қолданып, практикалық материалдарды жинақтап, шағын тақырыпта зерттеуді сауатты жүргізуде және практикада оның қорытындысын таңдау мен жинақтауда.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында: «...экономиканың барлық салалары үшін ғылыммен қаруланған жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың сапасын арттыру...» және «...кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзіретті шығармашыл жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды

қалыптастыруды қамтамасыз ететін ғылыми білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатын болады...» деп атап көрсеткен.

Ел президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстанның болашағы ғылымда екенін ұдайы айтып және бұл саланы дәйекті түрде қолдап келеді. Бұл туралы елбасы «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген болатын.

Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, шығармашылық, тарихи танымдық, педогогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ғылыми сауаттылықты талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу-ғылым мен тәрбие ісіне тереңдей еніп, оқытудың қазіргі заманның жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

22. Білім беру ұйымдарында тәжірибелік-ізденіс жұмыстарын ұйымдастыру

1. Ұжымдық кешенді зерттеуді ұйымдастыру кезеңдері

2. Ізденіс жұмыстарын өткізу шарттары

Зерттеуді ұйымдастыру көптеген факторларға тәуелді. Ең маңыздысы – зерттеудің түрлері, яғни зерттеу ұжымдық, кешенді немесе жеке болуы мүмкін.

Ұжымдық зерттеу – бұл жалпы тақырып бойынша жұмыстанатын зерттеушілер тобының әрекеті. Олардың әрқайсысы жалпы мәселенің белгілі бір бөліктерін қарастырады.

Кешенді зерттеу ұжымдық зерттеудің түрі болып табылады. Ол көппәнділігімен (бірнеше зерттеу пәнінің болуы) және көпжақтылығымен сипатталады.

Мысалы, психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, технологиялық, басқару жақтарын біріктіріп, нәтижесінде жалпы педагогикалық және ұйымдастырушылық-педагогикалық қорытындылар, модельдер, ұсыныстар түрінде беруі мүмкін. Жеке зерттеуді жалғыз бір адам жүргізеді.

Ұжымдық кешенді зерттеуді ұйымдастыру кезеңдері:

1 кезең – бағыттаушы: елдегі, аймақтағы, қаладағы (аудандағы) немесе шағын аудандағы білім беру ситуациясын объективті талдау және баға беру, қоғам мен мемлекеттің білім берудегі әлеуметтік тапсырысын, тұрғындардың сұраныстарын, білім беру нарығының талаптары мен сұраныстарын, мәселелерін зерттеу.

Бұл кезеңді ұжымдық зерттеудің жетекшісі немесе белсенді қатысушысы көмекшілермен бірге (психолог, әлеуметтік педагог, ғалым-педагог, пән мұғалімі, валеолог және т.б.) жүргізеді.

2 кезең – диагностикалық: зерттелетін педагогикалық үрдістер мен құбылыстардың даму деңгейі, мәселенің шешудегі қазіргі тәжірибені зерттеу. Негізінен бұрыннан белгілі әдістер мен әдістемелер қолданылады.

3 кезең – мақсат қою: бастапқы теориялық тұрғылар, зерттеудің мақсат-міндеттері анықталады, болашақ модель жобаланады.

4 кезең - өзгерту, зерттеудің жұмыс уақыты және көлемі бойынша негізгі кезең. Жоспарланған жұмыс (эксперимент, авторлық бағдарламаларды және жобаларды жасау және жүзеге асрыу, жаңартылған технологияларды, басқару модельдерін енгізу) орындалады.

5 кезең – қорытындылау: диагностикалау, жалпылау, нәтижені интерпретациялау және бағалау, есеп беру, педагогикалық басылымдарда жариялану, енгізілетін құжаттар (оқу жоспары, бағдарламалар, ұсыныстар, қағидалар және т.б.).

Ізденістің жетістігін оның өту **шарттары** да белгілейді. Шарттар – бұл ізденіс жүретін ішкі және сыртқы жағдайлар.

23. Зерттеудің қисындық(логикалық) құрылымы

1. Зерттеу қисыны туралы түсінік.

2. Зерттеудің проблемасы және тақырыбы

Ғылыми ізденістің нәтижелілігі зерттеу қадамдарының бірізділігіне байланысты, яғни зерттеу қисыны шынайы нәтижеге әкелуі тиіс. Педагогикалық-психологиялық зерттеудің ерекшелігі оның зерттеу пәнімен анықталады. Зерттеу пәні – дамушы адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуінің күрделі жүйесі.

Қисынды жасау – күрделі үрдіс. Оның үш кезеңін белгілеуге болады: мақсат қою, зерттеу және енгізу-рәсімдеу.

Бірінші кезеңде – тақырыпты таңдау, міндеттерді анықтау, болжам жасау (мәселе – тақырып – объект - пән - ғылыми фактілер - бастапқы тұжырымдама - жетекші идея және пікір - болжам - зерттеу міндеттері сызбасы бойынша жүреді).

Екінші кезеңде - әдістерді таңдау - болжамды тексеру – алдын-ала қорытындыларды белгілеу – оларды сынақтан өткізу және нақтылау – қорытынды жасау сызбасы бойынша жүзеге асады.

Үшінші кезеңде – сынақтан өткізу (қорытындыларды талқылау, оларды қоғамға ұсыну), жұмысты рәсімдеу (есеп беру, баяндамалар, кітаптар, диссертациялар, ұсыныстар, жобалар және т.б.) және нәтижелерін практикаға ендіру.

Зерттеудің проблемасы және тақырыбы

Зерттеу жұмысы зерттеудің **объектісінің** аясын таңдаудан басталады., яғни шешуді қажет ететін маңызды проблемалар жинақталған ақиқат шындықтың саласы.

Білім беру саласындағы объектілер саласы: мектепке дейінгі тәрбие, орта және жоғары мектептегі оқу үрдісі, азаматтық және адамгершілік тәрбие беру, ақпараттандыру, тұлғалық бағдарлы білім беру, үздіксіз білім беру және т.б.

Объектіні таңдауға әсер ететін объективті факторлар: зерттеудің мәнділігі, шешілмеген проблемалардың болуы, жаңалығы және перспективалығы; субъективті факторлар:

- зерттеушінің білімі;
- тәжірибесі;
- Бейімділіктері;
- Қызығушылықтары;
- ғылыми ұжым;
- ғылыми жетекші.

Зерттеудің өзекті салалары:

1. тәрбиенің жаңа мазмұнын анықтау және сынақтан өткізу;
2. оқыту мен тәрбиелеудің жаңа тиімді технологиялары мен әдістемелерін жасау;
3. қарым-қатынастарды қалыптастыру;
4. жаңа типті мектептерге көшу;
5. мектеп пен әлеуметтік сала арасындағы байланыс;
6. денсаулықты сақтау технологияларына көшу және т.б.

Келесі кадам – зерттеудің проблемасы мен тақырыбын белгілеу.

Проблема – ғылымда белгісіз, анықталмаған нәрсе, яғни белгіліден белгісізге өтетін көпір, нақты «белгісіздік жайындағы білім».

Проблеманың мәні – белгіленген фактілер және олардың теориялық ұғынылуы арасындағы, фактілерді түрліше түсіндіру, интерпретациялау арасындағы қарама-қайшылық.

Ғылыми проблема – практика мен ғылыми әдебиетті терең зерттеудің нәтижесі болып табылады.

Мысалы, бүгінгі таңда мынадай қарама-қайшылықтар белгіленген:

- барлық оқушылар үшін білім беру мазмұнының нормативі және әрбір оқушының жеке мүмкіншіліктері, бейімділіктері, қызығушылықтары арасындағы дені сау адамды қалыптастыру мақсаты

- мектептегі сабақтардың бір қалыптылығы,
- оқу тапсырмаларымен баланы жүктеу арасындағы,
- басқару,
- бағдарламалау ретіндегі тәрбие және тұлғаның еркіндігі,
- жеке дербестігі арасындағы қарама-қайшылықтар.

Бұл анықталған қарама-қайшылықтардан шығатын проблема өзекті болуы тиіс. Бүгінгі күні мынадай проблемалар анықталған:

- білім беруді ізгілендіру және демократияландыру,

- әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін есепке алу және мүмкіндіктерін жүзеге асыру,

- мектепте және шағын ауданда тәрбиелеуші ортаны қалыптастыру және т.б.

Ғалымдардың есептеуінше, дұрыс қойылған проблема – ғылыми зерттеудің нәтижелілігінің негізі болып табылады.

У.Р.Эшбидің есептеуінше, «егер біз проблеманы дәл анықтайтын болсақ, біз оның шешімін тез таба аламыз».

Проблемада белгіленген қарама-қайшылық тікелей немесе жанама түрде тақырыпта көрінуі тиіс, тақырыптың айтылуы проблеманы нақтылауды және шектеуді жүзеге асыратындай болуы керек.

Мысалы:

- Әр түрлі жастағы ұжымда тұлғаның өзін-өзі бекітуі.
- Тәрбиелеу жүйесіндегі басқару және өзін-өзі басқарудың байланысы.
- Тұлға еркіндігі және педагогикалық талап.
- Жасөспірім тәрбиенің объектісі және субъектісі ретінде.

Проблеманы дамыту үрдісі зерттеудің объектісі мен пәнін белгілеумен жалғасады.

19. Зерттеудің объектісі және пәні, мақсат-міндеттері.

Таным объектісі – бұл таным үрдісіне қатысатын шынайы объектінің байланыстары, қарым-қатынастары, қасиеттері.

Зерттеу объектісі – белгілі бір қасиеттер мен қарым-қатынастардың жиынтығы. Олар таным әрекетін жасқушыдан тәуелсіз өмір сүреді, бірақ ол үшін нақты ізденіс орны болып табылады.

Педагогикадағы **зерттеу объектісі** – зерттеушінің назарын аудартатын, зерттеу субъектісінен тәуелсіз өмір сүретін белгілі бір үрдіс, құбылыс. Мысалы, тәрбиелеуші қарым-қатынастардың субъектілерінің даму үрдісі, жаңа білім беру жүйесінің қалыптасу үрдісі.

Бастауыш мектепті немесе жастар клубын зерттеудің объектісі деп алуға болмайды, себебі бұлар зерттеудің нақты базасы, немесе тым кең сала, оның барлық элементтерін бір жұмыстың аясында зерттеу мүмкін емес болып табылады.

Зерттеу пәні өзінің мазмұны бойынша нақтырақ: зерттеу пәнінде жұмыс барысында арнайы терең зерттеуді қажет ететін объектінің қасиеті немесе объектідегі қарым-қатынас жинақталады. Бір объектіде бірнеше пәндер ажыратылуы мүмкін.

Пәнге осы жұмыста зерттелетін элементтер, байланыстар мен қатынастар енеді. Сондықтан зерттеу пәнін анықтау дегеніміз зерттеудің шекараларын белгілеуді білдіреді.

Зерттеу пәні – бұл ракурс, бір нәрсеге қараудың нақты жағы. Ол зерттелетін нәрсенің арнайы айқындалған жақтарын, байланыстарын көруге мүмкіндік береді. Яғни, зерттелетін нәрсенің бір аспектісі:

- мақсаттық,
- мазмұндық,
- іс-әрекеттік (технологиялық),
- тұлғалық-мотивациялық,
- ұйымдастырушылық.

Мысалы, басқарудың тұлғалық бағдарлы технология негізіндегі теориялық моделін жасау және педагогикалық шарттарын анықтау (іс-әрекеттік (технологиялық)).

Зерттеу пәнін зерттеушінің өзі объективті негізге сүйене отырып ұсынады. Бұл жұмысты зерттелетін нәрсенің бастапқы қағидаларына, тұжырымдамасына негізделе отырып атқарылады.

Мысалы, салауатты өмір салты мектебін жасаудың тұжырымдамасы мынадай болуы мүмкін:

1. Денсаулық – қоғамның, әрбір адамның ең жоғарғы құндылығы.

2. Бала күн сайын мектепте өзінің белгілібір уақытын өткізеді. Күн тәртібіне, психологиялық атмосфераға, тамақтануға және мектептің басқа факторларына оқушылардың денсаулығы тәуелді. Мектеп дені сау ұрпақты тәрбиелеуі тиіс және барлық жағдайда сол үшін мүмкіндік туғызуы керек. Әзірге мектеп бұл қызметті орындамайды.

3. Әрбір оқушының бойында денсаулық сақтау мәдениетін, өзінің және өзгенің денсаулығын бағалау, сақтау және шынықтыру іскерлігін қалыптастыру қажет.

4. Мектеп салауатты өмір салтын ұстану үшін күресуі керек.

Осылайша, зерттеу пәнін белгілеу – бұл теориялық талдаудың бастауы, зерттеудің кейбір негіздері мен міндеттерін айқындау болып табылады.

Зерттеудің мақсат-міндеттері.

Зерттеу басынан-ақ мүмкіндігінше жалпы зерттеудің қорытындысын, **мақсатын** белгілеп, мақсат қою іс-әрекетін жүзеге асыру керек.

Мақсаттылық – бұл адам іс-әрекетінің өте маңызды сипаты, ол адамды жануарлардан ерекшелейтін және бағытсыз іс-әрекеттердің алдын-алатын қасиеті. Шынайы педагогикалық қызметке адам іс-әрекетінің мақсатты және мотивацияланған болуы шарт.

Педагогикалық зерттеудегі мақсат – мақсат жасаушы іс-әрекеттің нәтижесі. Ол білім беру субъектілерінің (педагогтар мен оқушылардың) мақсатты іс-әрекетін жобалайды.

Зерттеудегі мақсат қою – бұл шынайы педагогикалық ақиқат тұрғысынан мүмкіншіліктерін есепке ала отырып, оның қазіргі күйін жаңа, қажетті, болашақта тілейтін күйіне өзгерту тәсілдерін таңдау болып табылады. Осындай ойша өзгерту мақсат қою болып саналады.

Педагогикалық мақсат – педагогикалық идеал және педагогикалық ақиқаттың шынайы үрдістері мен құбылыстарын өзгертуде олардың әлеуетін салыстыру негізінде жасалған болжаудың нәтижесі.

Мақсат – бұл ізденістің жалпы соңғы және аралық нәтижелері жайындағы негізделген түсінік-болжам. Шахматист секілді зерттеуші алдында тұрған ситуацияны бағалай отырып, жоспарын құру үшін, оған қол жеткізу жолдарын анықтау үшін оны ойша, өзіне қажетті, қолайлы позицияға өзгертуі тиіс.

Зерттеудің маңызды және қажетті келесі деңгейі – бұл жалпы мақсатты **зерттеу міндеттері жүйесінде** нақтылау.

Міндет – мақсатқа жетудің бөлігі, қадамы, кезеңі. Міндет – бұл нақты ситуацияны өзгертудің мақсаты.

Негізгі зерттеу міндеттерін белгілеу өте маңызды (олар 5-6 болуы керек). Міндетті түрде міндеттердің үш тобы анықталған жөн:

Тарихи-диагностикалық – проблеманың тарихын және қазіргі күйін зерттеу, зерттеудің ұғымдарын, жалпығылымилық және педагогикалық негіздерін анықтау және нақтылау;

Теориялық-модельдеуші – зерттелетін нәрсенің құрылымын, мәнін, оны өзгертетін факторларды, құрылымның моделін және қызметін, оны өзгерту тәсілдерін ашу;

Практикалық-өзгертуші – педагогикалық үрдісті тиімді ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін, құралдарын дайындау және қолдану, практикалық ұсыныстар жасау.

Зерттеуші С.М.Бахешева «Гимназияны тұлғалық бағдарлы технология негізінде басқарудың педагогикалық шарттары» еңбегінде мынадай міндеттер белгілеген:

1. Гимназияны тұлғалық бағдарлы технология арқылы басқарудың теориялық негіздерін айқындау.

2. Басқарудың тұлғалық бағдарлы технология негізіндегі теориялық моделін жасау және педагогикалық шарттарын анықтау.

3. Гимназияны тұлғалық бағдарлы технология негізінде басқарудың әдістемесін жасау және тәжірибелік-эксперимент жұмысы арқылы тиімділігін тексеру.

4. Басқарудың аталған технологияға сәйкес ғылыми-әдістемелік ұсыныстарын практикаға ендіру.

Дұрыс қойылған міндеттер баспалдағы (немесе «мақсаттар терегі», «міндеттер тізбегі») ізденістің маршрутын анықтайды, міндеттердің біріділігін нақтылайды. «Теректі» құрудың жолы - нәтижені алу үшін нені білу керек, нені белгілеу керектігін анықтау.

Мысалы: В.А.Игнатованың оқушылардың экологиялық мәдениетті (ЭМ) қалыптастыруға арналған зерттеуінде мақсат қою негізгі ұғымның (ЭМ) мазмұнын, құрылымын және құрамын анықтаудан басталады.

Ұғымдық матрица (ЭМ құрамы) жасалады, содан соң ЭМ-тің құрамдас бөліктерінің (экологиялық қажеттілік, құндылықтар және идеалдар, экологиялық ойлау, экологиялық қарым-қатынас - адамға, қоршаған ортаға) өзара байланысы (иерархиясы) анықталады. (1сызбаны қара).

Бұл жасалған жұмыс ЭМ қалыптастыруда модельдеу және ұйымдастырудың тиімді шарттары мен факторларын анықтау үшін, оны ұйымдастыру құралдары мен тәсілдерін табу үшін, нәтижесін диагностикалау үшін қажет.

Зерттеудің 1-ші блогы объектінің жалпы құрылымдық моделін жасаумен, теориялық талдау сипатымен ерекшеленеді.

2-ші блок үрдісті құрудың мақсатын анықтаумен, ЭМ-ті (мазмұны, технологиясы, ортаны ұйымдастыру тәсілдері, мектеп, жанұя, түрлі экологиялық ұйымдардың өзара әрекеттесуі) қалыптастыру шарттары мен тәсілдерін анықтаумен белгіленеді.

Бұл кезеңде теориялық мақсаттар практикалық мақсаттармен бірігеді.

3-ші блокта фактілерді жүйелеу, оларды бағалау, нәтиже алуға қажетті шарттармен факторларды анықтаумен байланысты мақсаттар жүзеге асырылады. «Мақсаттар терегі» құрылған соң оны жүзеге асыру жүреді.

20. Зерттеудің теориялық негізі

Зерттеудің теориялық негізі – идея, ой, және болжам.

Ғылыми болжам – қажетті нәтижені қалай, қандай жолмен, ненің көмегімен алуға болатындығы жайында негізделген ой. Болжам формасында жаңа қорытындыларға шынайы қозғалу, бағытталу жүреді.

Болжамды ұсыну үшін тек сол істің күйін егжей-тегжейлі зерттеу, ғылыми құзіреттілік қана емес, сонымен қатар педагогикада қолданылатын зерттеу әдістері негізінде диагностикалық тексеруді жүзеге асыру қажет. Логикалық тұрғыдан белгілі теориялар арқылы түсіндірілмейтін ғылыми фактілерді талдаудан жаңа ойға және өзгерту идеясына қозғалу байқалады. Олар кейін болжамда көрініс табады.

Осыған байланысты ғылыми факті мәселесіне тоқталсақ.

Факт – көптеген құбылыстар мен байланыстардың көрінісі, олардың қорытындылануы.

Педагогикалық факт – орта жағдайлары және тұлғаны дамыту факторлары арасындағы кейбір, бірнеше мәрте және шынайы бекітілген байланыстар. Мысалы, педагог беделі және оның тәрбиелеу ықпалының тиімділігі арасындағы тәуелділік, тәрбиеленушінің интеллектуалдық белсенділігі мен дамуы арасындағы тәуелділік.

Фактілердің жинақталуынан жаңа теорияға қажеттілік туындайды. Ол жетекші идея және ой түрінде пайда болады.

Мысалы, екінші жыл бір сыныпта оқуға қалдырылған оқушылардың нашар оқитындығы, оқуға теріс көзқараста екендігі, мектепті тастап кететіндігі **мынадай фактіні** белгілеуге мүмкіндік береді: оқушыны екінші жылға бір сыныпта оқуға қалдыру тұлға мен қоғам дамуына үлкен нұқсан келтіреді, ол педагогика тұрғысынан жарамсыз болып табылады.

Бұдан **идея** пайда болады: диагностикалау негізінде үлгермеушілік себептерінің алдын-алу.

Бұдан туындайтын **ой**: үлгермеушілік себептерін нақты диагностика негізінде үлгермеушіліктің алдын-алу жүйесін жасау.

Басты идеяны дамыту идеалдағы ойды ойша тарату, қойылған міндеттерді шешудің жолдары, тәсілдері мен нәтижесі жайындағы **болжам** түрінде жүзеге асыру.

Идеяның «туындауы», оның ойға айналуы, ойдың болжамға өзгертілуі зерттеудің ең күрделі де шығармашылық элементі, зерттеудің **шығармашылық негізі**, жаналыққа талпынысы болып табылады.

Идеяның туындауы - өте күрделі және жеке-дара үрдіс. Оның негізінде тәжірибе, логикалық өңдеу, интуиция, ойша «тәжірибелер» мен эксперименттер жатыр.

Ой – құралмен жабдықталған идея, бұл өзін жүзеге асырушы құралдармен қамтамасыз етілген идея.

Ойша нәтижені белгілеу – болжау болып табылады. Болжау – зерттеудің эпицентрі. Болжам формасында жаңа білім, жаңа теория пайда болады. Дәл осы болжамда шығармашылық ізденістің мазмұны және үрдістік сипаты жинақталған:

- бастапқы тұжырымдамалық негіз,
- идея,
- ой.

Болжамның мазмұндық жағын оның тілдік рәсімделуімен тұтас қараған жөн. Оның сызбасы: **«Егер..., онда..., өйткені...»**

Болжам мына қызметтерге ие: сипаттау, түсіндіру, болжау.

Осылайша, зерттеу жұмысының тізбегі былай белгіленеді: **бастапқы факт – проблема – бастапқы тұжырымдамалық қағидалар – идея – ой – болжам – қажетті нәтиже.**

Мысалы, З.Т.Көкшееваның зерттеуінің тізбектелуі төмендегідей:

Көптеген зерттеу жұмыстарының нәтижелері бүгінгі мектеп практикасының сұранысынан шығып отырғанымен, бастауыш сынып оқушыларының қазақ балалар фольклоры арқылы эстетикалық қызығушылығын қалыптастыру проблемасы бастауыш мектеп педагогикасының теориясы мен практикасында өз деңгейінде зерттелмеген.

Сол себепті, бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық қызығушылығын қалыптастыруда қазақ балалар фольклорын пайдалану мүмкіндіктері мен бұл процесті ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыздандыру арасында *қарама-қайшылық* анық байқалады.

Осы қайшылықты шешуде тиімді педагогикалық жолдарды іздестіру біздің зерттеу проблемамызды айқындауға және тақырыпты **“Бастауыш сынып оқушыларының қазақ балалар фольклоры арқылы эстетикалық қызығушылығын қалыптастыру”** деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеу объектісі: оқушылардың эстетикалық қызығушылығын қалыптастыру.

Зерттеу пәні: бастауыш сынып оқушыларының қазақ балалар фольклоры арқылы эстетикалық қызығушылығын қалыптастыру процесі.

Зерттеу мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының қазақ балалар фольклоры арқылы эстетикалық қызығушылығын қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу және практика жүзінде әдістемесін жасау.

Зерттеудің ғылыми болжамы:

егер, оқу-тәрбие процесінің мазмұны ғылыми-әдістемелік тұрғыда негізделген қазақ балалар фольклоры шығармаларымен толықтырылса; мұғалімдер қазақ балалар фольклорын оқу-тәрбие процесінде мақсатты түрде пайдалануға байланысты қажетті даярлықтан өтсе, бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық қызығушылығын қалыптастыру процесінде қазақ балалар фольклоры мазмұнын пайдалануға байланысты әдістемесі жасалса, *онда* бастауыш сынып оқушыларының қазақ балалар фольклоры арқылы

эстетикалық қызығушылығын қалыптастыру аса нәтижелі болады, *өйткені* қазақ балалар фольклорының көркемдік-эмоционалдық әсері өте жоғары және түсінікті формада ұлттық мәдени мұра мен қоршаған ортадан деректі мағлұматтар береді.

Зерттеудің міндеттері:

1. Бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық қызығушылығын қалыптастыру қажеттігін теориялық тұрғыда негіздеу;
2. Бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық қызығушылығын қалыптастырудағы қазақ балалар фольклорының мүмкіндіктерін анықтау;
3. Бастауыш сынып оқушыларының қазақ балалар фольклоры арқылы эстетикалық қызығушылығын қалыптастыру моделін жасау... т.б.

Жетекші идея:

бастауыш мектептің оқу-тәрбие процесінде қазақ балалар фольклорын мақсаттылықпен кешенді пайдалану оқушылардың оларға деген көркемдік-эстетикалық қызығушылығын арттырады.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері болып диалектикалық білім және тұлғаны дамытудағы қызығушылықтың, қабілеттіліктің рөлі туралы таным теориясы саласындағы бүгінгі тұжырымдамалар; тұлғаны зерттеу процесіндегі және педагогикалық процесті ұйымдастырудағы жүйелі-құрылымдық, тұлғалық-іс-әрекеттік қатынастар; ұлттық мәдениет пен фольклордың білімдегі рөлі туралы қағидалар; оқушы жастардың эстетикалық тәрбиесі тұжырымдамасындағы қағидалар; халық педагогикасы мен халық шығармашылығының тәрбиелік әлеуеті туралы теориялық тұжырымдар саналады.

Зерттеу көздері:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми құжаттары (Заңдар, қаулы-қарарлар), Білім және Ғылым Министрлігінің ұлттық мәдени мұраны оқу-тәрбие процесіне ендіруге байланысты тұжырымдамалары мен бағдарламалары, оқу құжаттары; ғалымдардың (тарихшылар, этнографтар, әдебиетшілер, психологтар мен педагогтар) еңбектері; ұлттық мәдени мұралар; мектеп мұғалімдерінің озық тәжірибелері, сондай-ақ автордың жеке басының педагогикалық және зерттеушілік тәжірибесі.

Зерттеу әдістері:

Зерттеу проблемасы бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық, фольклорлық әдебиеттерге теориялық талдау жасау; мектептің оқу құжаттары (оқу жоспары, бағдарламалар, оқулықтар) мен мұғалімдердің озық тәжірибелеріне талдау; бақылау; сауалнама жүргізу; әңгімелесу; педагогикалық эксперимент; мәліметтерді математикалық тұрғыда өңдеу.

Зерттеудің теориялық мәні мен ғылыми жаңалығы:

1. Эстетикалық қызығушылық теориясының негізінде бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық қызығушылығын қазақ балалар фольклоры арқылы қалыптастырудың құрылымдық моделі жасалды;

2. Қазақ балалар фольклоры педагогикалық жіктемеге келтірілді және олардың бастауыш сынып оқушыларының оқу-тәрбие процесінде эстетикалық қызығушылығын қалыптастырудағы мүмкіндіктері айқындалды;

3. Бастауыш сынып оқушыларының қазақ балалар фольклоры арқылы эстетикалық қызығушылығын қалыптастырудың *әдістемесі* жасалып, тәжірибелі-эксперимент жүзінде тексерістен өткізілді.

Зерттеудің практикалық мәні:

а) бастауыш сынып оқушыларының қазақ балалар фольклоры арқылы эстетикалық қызығушылығын қалыптастыру деңгейінің диагностикалық әдістемесі; ә) “Қазақ балалар фольклорына саяхат” атты үйірме жұмысының бағдарламасы және “Ана тілі” пәні бағдарламасына қосымша; б) мұғалімдерге арналған “Қазақ балалар фольклорының эстетикалық тағлымы” атты арнайы курс бағдарламасы және сыныптан тыс тәрбие шараларының жоспары мен оны өткізуге байланысты әдістемелік нұсқаулар жасалды.

Зерттеу нәтижелерін мектептерде, лицейлер мен гимназияларда, педагогикалық колледждер мен университеттерде, мұғалімдер білімін жетілдіретін мекемелерде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Бастауыш сынып оқушыларының қазақ балалар фольклоры арқылы эстетикалық қызығушылығын қалыптастырудың құрылымдық моделі *эмоционалдық-мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік* компоненттердің бірлігін, көрсеткіштер мен өлшемдерді қарастырады.

2. Қазақ балалар фольклорының *педагогикалық жіктемесі* (әлпештеу (ана) поэзиясы, тұрмыстық фольклор, күлдіргі фольклор, ойын фольклоры) олардың бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық қызығушылығын қалыптастырудағы мүмкіндіктерін анықтауда және оқу-тәрбие процесіне ендірілетін шығармаларды сұрыптауда көмектеседі.

3. Бастауыш сынып оқушыларының қазақ балалар фольклоры арқылы эстетикалық қызығушылығын қалыптастыру процесі мынадай педагогикалық *шарттар* бойынша жүзеге асырылады: зерттеу барысында жасалған бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық тәрбиесі бағдарламасы негізінде білім мазмұнын жетілдіру; бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық қызығушылығын кезеңдеп қалыптастыруды қамтамасыздандыру және осы кезеңдерге сай келетін фольклор материалдарын ендіру; бастауыш сынып оқушыларының қазақ балалар фольклорына эстетикалық қызығушылығын тәрбиелеуде пайдаланылатын әртүрлі формалар мен әдістердің, амал-жолдардың онтайлы байланысын қамтамасыздандыру; мектептегі әдістемелік бірлестіктерде, мұғалім білімін жетілдіретін институттарда мұғалімдерге қазақ балалар фольклоры материалдарын пайдалану саласынан арнайы білім беру, даярлықтан өткізу.

4. Бастауыш сынып оқушыларының қазақ балалар фольклоры арқылы эстетикалық қызығушылығын қалыптастыру мазмұндық-әдістемелік тұрғыда қамтамасыздандырылады.

21. Зерттеу ізденісінің нәтижелілігі көрсеткіштері

1. Әлеуметтік көрсеткіші
2. Жеке-тұлғалық даму көрсеткіші
3. Тәрбиелілік көрсеткіші
4. Валеологиялық (денсаулық) көрсеткіші
5. Психологиялық жағдай (комфорт) көрсеткіші

Басқару органдары мен зерттеушіге өзгерістерді әрдайым бақылап, объективті фактілерді жинақтап отыру өте маңызды. Бұндай ақпаратты жинақтау, өңдеу және талдау – мониторинг мазмұны болып табылады.

Олар жұмысты талдауға, бағалауға, түзетуге мүмкіндік береді. Мониторингтің базалық жүйесі – диагностика. Оны жүзеге асыру үшін **көрсеткіштерді (критерийлерді)** таңдау қажет.

Олар: білімділік, әлеуметтік, жеке-тұлғалық даму, тәрбиелілік, денсаулық және психологиялық жағдай (комфорт). Әрқайсысына толығырақ тоқталсақ.

Білімділік көрсеткіші (критерийі):

- басты пәндер және бағыттар бойынша дайындық деңгейі; бұл көрсеткіш медалисттер, олимпиада, конкурс жүлдегерлері, мемлекеттік бюджет есебінен оқуға түсушілер санымен, үлгеріммен анықталады;

- шығармашылық және ізденіс жұмысына қатыстырылатын оқушылар саны;

- білімнің тереңдігі, жүйелілігі және қолданылуы, іс-әрекетті (тану, қайта өндіру, алгоритмдік әрекет, шығармашылық ізденіс және қайта өзгерту) меңгеру деңгейі; шешілетін міндеттердің күрделілік деңгейі.

Әлеуметтік көрсеткіші (критерийі):

- мектеп аясында оқушының еркін таңдау жасаудағы (мұғалімдер, оқытудың деңгейі мен бейіні, қызығушылықтары бойынша сыныптан тыс сабақтарды және т.б. таңдау) шынайы мүмкіндігі;

- оқушының шағын ортасына (мектеп, тұрғылықты жер, жанұя) бейімделуі, оның ұжымда қарым-қатынас жасау іскерлігі;

- мектеп бітірушілердің бейімделуі: жоғары оқу орны және орта арнайы оқу орнында білім алуы; әлеуметтік орта жағдайларына үйренуі (бәсекеге қабілеттілік, әлеуметтік тұрақтылық, мамандықты меңгеру және кәсіптік іс-әрекет нәтижелілігі және т.б.);

- ата-аналар және өндіріс басшылары арасында мектептің беделі, мектепке қабылдануға конкурс;

- оқушылардың құқық бұзушылығы және девиантты іс-әрекеті;

- сынып ұжымдарының даму деңгейі.

Жеке-тұлғалық даму көрсеткіші (критерийі):

- қызығушылықтардың кендігі және тұрақтылығы, баға беру, қарым-қатынас, іс-әрекеттен көрінетін жалпымәдени көзқарас;

- ойлау, ерік, эмоция деңгейлеріне сипаттама;

- өзіне-өзі баға берудің сәйкестігі;
- қарым-қатынас, бірге қатысу, бірге қайғыру, бірге қуану деңгейі, басқа адамды түсіну және қабылдау, төзімділік;
- өзін-өзі іске асыру деңгейі (шынайы мүмкіншіліктерін іске асыру);
- жеке іс-әрекет стилін және мінез-құлық қасиеттерінің көрінуі;
- қабылдау, қиял, есте сақтау, эстетикалық талғам, көркемдік интуиция, шығармашылық қабілеттердің дамуы, үйлесімділікке ұмтылу.

Тәрбиелілік көрсеткіші (критерийі):

- азаматтық, құқықтық сананың, патриотизмнің, планетарлық ойлаудың, әлеуметтік жауапкершілік пен белсенділіктің қалыптасуы;
- адамгершілік идеалы мен адамгершілік іс-әрекеттің қалыптасу деңгейі, тұлғаның экологиялық мәдениетінің қалыптасуы;
- толеранттылықты, басқа адамдарға көмектесу ұмтылысын дамыту;
- жағымсыз әдеттердің болуы/болмауы;
- девиантты іс-әрекеттер мен құқық бұзудың фактілері;
- сынып ұжымдарының бірігу деңгейі.

Валеологиялық (денсаулық) көрсеткіші (критерийі):

- психикалық және тәндік саулықтың деңгейі, жас кезеңі нормасына сәйкес ағзажүйесі мен негізгі қызметтердің даму деңгейі;
- аурулар саны;
- оқушылардың денсаулық топтарына орналастыру;
- денсаулықты сақтау және емдеуге мүмкіндік беретін қызметтердің саны мен сапасы.

Психологиялық жағдай (комфорт) көрсеткіші (критерийі):

- ертеңгі күнге деген сенімділіктің, оптимизмнің, қауіпсіздіктің деңгейі, мектепке, қоршаған ортаға, білім беруге деген жағымды/жағымсыз қарым-қатынас, эмоционалдық күйі;
- үрейлену деңгейі;
- тұлғааралық қарым-қатынас, әлеуметтік қамтамасыз етілуі.

22. Теориялық зерттеу әдістерінің мәні.

Теориялық зерттеу – бұл педагогикалық құбылыстардың ерекшеліктерін, белгілерін, қасиеттерін, бөлек жақтарын бөліп қарастыру.

Жеке фактілерді талдау, топтау, жүйелеу арқылы принциптері мен ережелерін анықтаймыз.

Талдау және жинақтау салыстыра жүргізіледі, олар зерттелетін педагогикалық құбылыстардың мәнін ашуға мүмкіндік береді.

Индуктивті және дедуктивті әдістер – бұл эмпирикалық жолмен алынған мәліметтерді логикалық әдістер арқылы қорыту.

Индуктивті әдіс ой қозғалысының жекеден жалпы қорытындыға қарай, дедуктивті әдіс жалпыдан жекеге қарай жүретін ой қорытындысын білдіреді.

Теориялық әдістер мәселені анықтау, болжамды құрастыру және жинақталған фактілерді бағалау үшін қажет.

Теориялық әдістер төмендегідей әдебиеттерді зерттеумен байланысты: - --- педагогика және адам туралы білімдер;

- педагогика бойынша жалпы және арнайы жұмыстар;

- тарихи-педагогикалық жұмыстар;

- мерзімдік педагогикалық басылымдар;

- мектеп, мұғалім, тәрбие туралы көркем әдебиеттер;

- педагогика және оымен байланысты ғылымдар бойынша оқулықтар мен әдістемелік құралдар,

- анықтамалық педагогикалық әдебиеттер.

Әдебиеттерді талдау, зерттеу қандай мәселелер жақсы зерттелген, қандай мәселелер бойынша пікірталас жүруде, қандай сұрақтардың шешімі табылмағандығын анықтауға көмектеседі. Әдебиеттермен жұмыс библиография құрастыру, яғни, зерттелетін мәселе бойынша әдебиеттер тізімі; рефераттар бірнеше жұмыстың негізгі мазмұнын қысқаша мазмұны; конспектілеу, яғни, жұмыстың негізгі идеяларын құрайтын қысқаша жазбалар; аннотациялау – кітаптың немесе мақаланың қысқаша жазбалары; цитаталау - әдебиет көздеріндегі сөздерді, фактілер мен сандық мәліметтерді дәл, сол қалпында сөзбе-сөз жазба жасау дегенді білдіреді.

Талдаудың негізгі көздері. Әдебиет кездерін зерттеу әдісі.

Зерттеу жұмысын дұрыс, білікті және нәтижелі жүргізу үшін осы кезге дейін жарияланған мақалалар мен ғылыми еңбектерді зерттеу керек. Бұл жұмыс „зерттейтін мәселенің жағдайын зерттеу” деп аталады. Зерттеуші ең алдымен кітапхана, ақпарат орталықтарында, зерттеу институттарындағы ақпараттарды жинақтайды.

Педагогика және басқа да ғылымдардағы зерттеу нәтижелері кітаптар, мақалалар, ғылыми жұмыстар жинағы, диссертация, баяндама, есептерде көрініс табады.

Ғылыми жұмыстардың авторы ғылымның негізгі мәліметтерін жүйелі түрде көрсеткен кітаптарды монография деп атайды. Монография көлемі кем дегенде 100 бет болуы мүмкін. Монографияда ғылыми зерттеулердің нәтижелері жүйелі, нақты түрде көрініс табады.

Монографияда қарастырылған мәселе бойынша әдебиеттер тізімі беріледі. Бұл әдебиеттер авторға өз пікір, қорытындыларынаргументтеуге мүмкіндік береді, ал екінші жағынан оқырманның ғылыми зерттеуіне көп мәліметтер береді.

Мақала – бұл нақты сұрақтар немесе зерттеу нәтижелері бойынша автордың көзқарасы көрсетілген шағын көлемдегі арнайы публикациялар. Мақалалар журналдарда жарияланады.

Журналдағы мақалалар – ғалымдардың өзекті мәселелерді шешуі қимылдары туралы оперативті ақпараттар. Сондықтан оларды уақтылы оқып, зерттеп тұру зерттеушінің ғылыми шындық көшінен қалып қоймауына мүмкіндік береді.

Студент-зерттеушілер үшін тағы бір ғылыми ақпарат көзі - түрлі ғылыми жинақтардағы жарияланған материалдар. Ғылыми жинақтар мақалалар сияқты уақыты шығып тұрмайды.

Диссертация, қолжазба, есептер орталық кітапхана мен ғылыми мекемелердің ақпаратты сақтау бөлімдерінде болатындықтан оларды зерттеуге студенттердің қолдары жете бермейді.

Диссертация – бұл монографиялық еңбекке ұқсас ғылыми еңбек. Диссертацияның 2 түрі болады: кандидаттық және докторлық. әрбір диссертацияның мазмұны қысқаша түрде авторефератта көрініс табады. Диссертациямен танысуды авторефератты оқудан бастаған дұрыс.

Өйткені бұл зерттеушіге өз мәселесі бойынша бұл диссертация қаншалықты көмегін тигізе алатындығын анықтайды.

Әдебиет көздерін зерттеу – зерттеушіге көп мәлімет бере алады. Бірақ бірде бір адам бұл ақпараттарды ұзақ уақыт бойы сол қалпында есінде сақтап тұра алмайды. Сондықтан әрбір зерттеуші ғылыми ақпаратты жазып алу мен сақтау әдістерін меңгеруі тиіс. Бұл ақпараттар керек уақытта тез қолданылатын, табылатындай, өз білімдерін дәлелдеу үшін керек.

Әдебиет көздерін зерттеудің ең оңай тәсілі – бұл ақпараттарды бөлек категорияларға түсіріп алу және аннотациялау.

Танысқан ғылыми публикациялардың атын жазып алу қажет, дегенмен ол жеткіліксіз. Сондықтан болашақта ұмытылған нәрсені қайта өздеп, әдебиет көздерін шатастырып әуре болмас үшін оқыған нәрсені қысқаша түрде жазып алған дұрыс.

Оқылған мақала немесе кітаптардың қысқаша мазмұнын жазып алудың бірнеше тәсілдері бар. Олардың негізгілері: аннотация, тезистеу, рефераттау, конспектілеу, цитаталау, логикалық құрылымдау.

Аннотация дегенде жұмыстың жалпы қысқаша мағынасын түсінеміз. Аннотация әдетте 1 беттен (баспа) аспайды. Аннотация мұқаба бетінің ішкі жағында болады.

Аннотацияны алғаш кітаппен танысу үшін, өзіне қажеттілігін анықтау үшін оқиды. Әдебиет көздерін аннотациялауда оның мазмұнының бөлімдері, тарауларын жазып алады.

Әдебиет көздеріндегі негізгі идея, қортыныдылар туралы кейбір ескеретін жерлерін жазып алу көп ақпарат береді.

Мұндай жазбалар жасау – тезистеу, ал жеке бөлек жазбалар – тезис деп аталады. Әрбір тезистің көлемі – бірнеше жол, ал жалпы барлық көлемі тезистелетін әдебиет көзінің көлеміне байланысты.

23. Педагогикалық эксперимент

Педагогикалық эксперимент – бұл гипотезаны зерттеу барысында негізделген ғылыми – объектілік және дұрыстықты дәлелді тексеруді қамтамасыз ететін зерттеу әдістерінің өзіндік комплексі.

Ол басқа зерттеу әдістемелерге қарағанда оқыту және тәрбиелеуге негізделген жаңалықтардың тиімділігін салыстыруға, тереңірек тексеруге

көмектеседі. Ол педагогикалық құбылыстардың арасындағы қайталанатын, тұрақты, қажетті байланыстарды тануға көмектеседі.

Педагогикалық құбылыстарды жай ғана бақылау арқылы зерттеуден гөрі эксперимент педагогикалық құбылыстарды басқа құбылыстардан ажыратады және зерттеушілер әсер ететін педагогикалық жағдайларды мақсатты түрде өзгертіп отырады.

Педагогикалық эксперимент зерттеушіден жоғары әдістемелік шеберлік пен мәдениетті, оның толық тексерілген бағдарламасының талдамасын және оқыту-тәрбие үрдісінің тиімділігін жазып отыратын сенімді аппаратты қажет етеді.

Эксперимент оқушы, студент, мұғалім, ата-аналар т.б. проблемаларын зерттеу үшін жүргізіледі.

2. Педагогикада эксперименттің бірнеше негізгі түрлері бар. Олар: табиғи, лабораториялық.

Біріншісінде эксперимент күнделікті оқыту-тәрбиелеу кезінде - мектепте, сыныпта т.б. жүргізіледі.

Экспериментатор ғылыми зерттеудің мазмұнына сәйкес оқушылардың бастапқы іс-әрекетін, мінез-құлқын бақылайды. Содан кейін зерттелуші немесе оқытушы оқыту-тәрбие іс-әрекетінде мазмұнға, формаға, әдістерге белгілі бір ұсынылған өзгерістер енгізеді. Содан соң зерттеуші оқушылардың оқу үлгерімін, мінез-құлқын қайтадан зерттеп, бұл табиғи эксперименттің тиімділігі туралы қорытынды шығады.

Лабораториялық эксперимент кезінде сыныптан оқушылар бөлініп алынады. Зерттеуші олармен маңызды әңгімелер құрастырады жеке және топтық түрде оқытып және осы әдістердің эффективтілігін бақылайды.

Психо-педагогикалық зерттеулерде қалыптастырушы және тұрақтандырушы эксперименттер қолданылады.

Біріншісінде педагог зерттеуші оқушылардың бойынша қажетті тұлғалық қасиеттерді, оқыту мен еңбек дағдыларын қалыптастыру мақсатында әртүрлі арнайы әдістер қолданады.

Екіншісінде, зерттеуші экспериментальды жолмен зерттелуші педагогикалық жүйенің арасындағы байланысты тұрақтандырады, құбылыстар арасындағы тәуелділікті анықтайды.

1. Алдыңғы эксперимент кезеңі.

Мұнда осы тақырып бойынша бұрын жарияланған жұмыстарға теориялық талдау жасалынады:

- шешілмеген мәселелерді анықтау;
- зерттеу тақырыбын таңдау;
- мәселені шешу үшін практиканы тану;
- теориясын оқу;
- зерттеу гипотезасын құрастыру.

2. Экспериментті жүргізуге дайындық. Оның міндеттері:

- Экспериментке қатысушылардың санын анықтау (оқушылар, сынып, мектеп т.б. саны).

Экспериментке кететін уақытты анықтау;

эксперимент объектілерінің бастапқы күйін анықтау үшін нақты әдістемелерді таңдау;

педагогикалық әсер ету негізінде экспериментке қатысушылардың өзгеруге тиісті белгілерін қасиеттерін т.б. анықтау.

3. Эффективтілікті тексеру:

- Бастапқы күйді не жағдайды анықтау;

- жүргізілетін эксперименттің бастапқы күйінің жартын тану;

- қатысушылардың күйін бағалау;

- таңдалып алынған өлшемдердің эффективтілік критерийін қалыптастыру;

- эксперимент эффективті жүру үшін қатысушыларға эксперименттің тәртібі мен жағдайы туралы нұсқау берілу керек;

- эксперименттің жүру барысындағы мәліметтерді тіркеп отыру қажет;

- эксперимент барысында кездескен қиындықтарды және мүмкін болатын жетіспеушіліктерді көрсету;

- кететін уақытты, шарттарды және тәсілдерді бағалау.

4. Эксперимент қорытындысын жүргізу:

- Эксперимент нәтижелерін жазу (оқушылардың білім, білік, дағдыларын, тәрбиелік деңгейін және т.б. нәтижелерін тіркеу);

- эксперименттің эффективті нәтижелерінің пайда болатын сипатын, шартын анықтау;

- экспериментальды әсер ету субъектілерінің ерекшеліктерін сипаттау (оқытушылар, тәрбиешілер т.б.); экспериментке кеткен уақыт, тәсілдерді анықтау.

4. Нақты эксперимент міндеттері:

- оқыту жүйесіндегі жағдайларды тексеру,

- оқыту әдістерінің эффективтілігін тексеру,

- оқыту әдістерінің эффективтілігін тексеру;

- оқушылардың танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерінің қалыптасуының жүйесін талдау;

- оқушылардың оқу еңбегінің дағдыларының қалыптасуын тексеру;

- оқушылардың танымдық дербестігін анықтау.

Эксперимент объектілерін таңдау.

Зерттеуші-педагог алдында экспериментке қанша оқушыны алу керек, оған қанша мұғалім қатысуы керек деген сұрақтар тұрады. Таңдау кезінде оқушылар үлгілі болу қажет, барлық әсерлерді тез игеретін болу керек.

Егер зерттеуші бұл жаңа жүйелік өлшемді дүниежүзілік мектеп типтеріне таралсын десе, ол экспериментте күндізгі, кешкі, қала және ауыл мектептерінің оқушылары қатысуы керек.

Зерттеуші эксперимент сұрақтарын, міндеттерін алдын-ала белгілейді. Содан кейін зерттеуші объектілерін шама келгенше, керісінше азайтады.

Тәрбиелік проблемалар жайындағы эксперимент болса, мұнда экспериментке тек 30-40 адам қатысатын жағдайлар да болады.

Кейде эксперимент тақырыбына сәйкес лабораториялық экспериментпен шектелуге мүмкіндік береді, яғни кішкене ғана оқушы санымен жұмыс жасау.

Барлық оқиғаларда эксперименттік және салыстырмалы топтар алынады. Егер оқушы саны көп болып кететін болса, зерттеуші шамадан тыс жұмыс жасап, ол эксперимент жолын терең анализдей алмайды, ұсыныстарын дұрыс дәлелдей алмауы мүмкін.

Эксперименттің ұзақтылығын анықтау қажеттілігі.

Өте қысқа эксперименттік анықтау қажеттігі.

Өте қысқа эксперименттік мерзім – объективтік емес ғылыми хабарламаға, рольдің ауытқуына әртүрлі педагогикалық факторлар мағынасының ауытқуына әкеледі. Өте ұзақ мерзім экспериментаторды басқа міндеттерді шешуде алаңдатады, жұмыстың көлемін көбейтеді. Ең дұрысы эксперимент ұзақтығы орташа болуы қажет.

Оны мынадай жағдайда жасауға болады: біріншіден, алдыңғы тәжірибеде жүргізілген аналогиялық эксперименттерді анализ жасау.

Бұл тәжірибеде түзетілген ғылыми-практикалық қорытындылар жасалған. Екіншіден, мақсаты мен міндетіне байланысты эксперименттің жүру ұзақтығын анықтау.

5. Эксперимент нәтижесінің анализімен аяқталады. Оның негізінде зерттеуде қойылған гипотеза не дәлелденеді, не дәлелденбейді. Бұл үшін педагог – экспериментатор эксперимент соңындағы нәтиже мен экспериментке дейінгі нәтижені салыстырады.

Экспериментке қатысушылардың білімін, білік, дағдыларын және тәрбиелік деңгейі мен дамуын салыстырмалы түрде қарастырады.

Егер нәтижелер бұрынғыдай болса не төмен болса, онда эксперимент эффективті емес болады.

Бұл жағдайда педагог әсері мен арнайы күтілген тұлғалық қасиеттер арасында байланыс жоқ. Егер эксперимент соңында жоғары деңгей көрінсе, онда эксперимент эффективті болған.

Мысалы, оқушыларда практикалық дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыру мақсатында жүргізілген экспериментте бастапқы кезінде оқушылар іскерлік пен дағдының 30 игерсе, ал эксперимент соңында 50 болса да, бұл жағдайда қолданылған әдістердің іскерлік пен дағдыны қалыптастырудағы маңызы туралы айтуға болмайды.

Оптимальды шешім қабылдау үшін 2 топты алу қажет.

Бірінші топта іскерлік, дағды 80-90 , ал екінші топта 10-20 . Осы үзіліс арасындағы байланысты анықтап, салыстырмалы түрде әсер ету керек. Сол кезде эксперимент соңында эффективті нәтиже шығады.

Эксперимент қорытындысын талдау кезінде ең маңызды болып ғылыми-практикалық ұсыныстар болып табылады.

24. Экспериментті жоспарлау теориясы элементтері.

Математикалық әдістер. Педагогикада математикалық әдістер сауалнама және эксперимент әдістерімен алынған мәліметтерді өңдеу үшін сонымен бірге зерттелетін құбылыстар арасындағы мөлшер тәуелділігін орнату үшін қолданылады.

Олар эксперимент нәтижесін бағалауға көмектеседі, шешімдердің сенімділігін жоғарылатады, теориялық жалпылау үшін негіз болады. Педагогикадағы қолданылатын өте кең тараған математикалық әдістер тіркеу, ранжирлеу, шкалалау.

Тіркеу – берілген сапа бар ма әлде жоқ па солардың жалпы есептеу санына және топтық әр мүшесінің белгілі сапасын анықтау, шығару әдісі.

Тізу – немесе дәрежелі бағалау әдісі белгілі жүйелікте жиналған деректер орналасуын әдетте шығу немесе қандай болмасын көрсеткіштердің жету тәртібі және соған сәйкес осы қатардан әр зерттелушінің орын анықтауы (мысалы, артық бағаланатын сыныптастар тізімін жасау) талап етеді.

Шкалалау – педагогикалық құбылыстардың жеке жақтарын бағалауға сандық көрсеткіштерді енгізу. Бұл мақсаттар үшін сыналатындарға сауалдар қойылады, сауалдарға жауап бере отырып, олар көрсетімен бағалардың біреуін таңдауы міндетті.

Мысалы: Бос уақытта қандай бір қызметпен айналысу туралы сұрақты бағалайтын жауапкершіліктерінің біреуін таңдау керек. Жүйелі түрде шұғылданамын, жүйесіз шұғылданбаймын... т.б.

Салыстыру – алынған нәтижелелерді қалыпты мөлшердегімен (берілген көрсеткіштермен) салыстыру, одан ауытқу және жіберілетін аралықтармен қорытындылар қатынасын шамалайды.

Мысалы: тұлғаның қалыпты өзін-өзі бағалауы 0,3-тен 0,5-ке дейінгі коэффициент болып табылады.

Егер ол 0,3-тен кем болса өзін-өзі бағалауы төмен, егер 0,5-тен артық болса өзін-өзі бағалауы жоғары.

Экспериментті жоспарлау теориясы элементтері.

Эксперименттің математикалық теориясы зерттеудің оптималды жүргізілуі шарттарын анықтайды, соның ішінде құбылыстың функциялық мәнін толық білмеген жағдайда да.

Ол үшін тәжірбиені дайындауда ж/е жүруде математикалық әдістер қолданылады. Бұл күрделі жүйелер мен процестерді зерттеуге ж/е оптимиздерге, эксперименттің жоғарғы эффективтілігін қамтамасыз етуге ж/е зерттелетін факторлардың дәлдігін анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар құбылыс миханизімнің толық білмеген жағдайда экспериментті эффективі басқаруды қамтамасыз етеді.

Эксперименттер алдын ала келісілген алгоритім бойынша шағын сериялармен қойылады.

Тәжірбиелердің әрбір шағын серияларынан кейін бақылау нәтижелерін өңдеу жүргізіледі және одан әрі не істеу керектігі туралы қатаң негізделген шешім қабылданады.

Экспериментті математикалық жоспарлау әдістерін қолданғанда; күрделі процестер мен құбылыстарды зерттеуге байланысты әртүрлі мәселелерді шешу;

Эксперимент барысында өзгертін оптимал жағдайларға техникалық процесті үйлестіру мақсатында эксперимент жүргізу және оның орындауының жоғарғы тиімділігін қамтамасыз ету және басқа нәрселер болуы мүмкін.

Математикалық эксперимент теориясында зертеу мәселесінің жетістікпен іске асырылуын кең қамтамасыз ететін бір қатар тұжырымдар бар. Оған рандомизация, тізбекті эксперимент, математикалық модельдеу, факторлық кеңістікті оптимальді қолдану ж/е тағы басқа концепциялар жатады.

Рандомизация принципі эксперимент жоспарына кездейсоқтық элементі енгізілді. Бұл үшін эксперимент жоспары, бақылауға қиын систематикалық факторларды статистикалық деп ескеріліп, сосын зертеулерде систематикалық қателіктер ретінде шығарылып тасталатындай етіп құрылады.

Экспериментті тізбекті жүргізгенде эксперимент бір мезгілде емес, әр бір кезең нәтижесі талқыланып отыруы ж/е одан әрі зерттеу жүргізу дұрыстығы тулалы шешім қабылдау үшін, кезеңмен жүргізіледі.

Эксперимент нәтижесінде көбіне процес молелі деп аталатын регрессия теңдеулік алады. Нақты жағдайлар үшін математикалық модель зертеу мәселесі мен процестің мақсатына сәйкес бастады мәліметтердің сенімділігін ж/е шешімнің қажетті дәлдігіне ескере отырып құрылады.

Сондықтан көпшілік жағдайда оптимальдігі критерші күй анымалыларының біреуін ғана, яғни процесті сипаттайтын қолдаушы функциясын алады.

Ал қалғандарын экспериментті жоспарлау әдісі қазіргі кезде тез дамуда, ол ЭЕМ кезінен қолданылуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтмамбетова Б., Бейсенбаева. Тәрбиенің жалпы әдістері. –Алматы, 1991;
2. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика - Алматы, 2004;
3. Әбілова З. Этнопедагогика. –Алматы, 1997;
4. Бабанский Ю. Педагогика. – Москва, 1988;
5. Көшекбаев Н. Оқыту теориясы. –Алматы, 1986;
6. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика: Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы.-2-басылымы.-А.,2000.-384 б, 2004;
7. Нұрғалиева Г. Оқыту әдістері, Алматы, 1991;
8. Усманов Ә.Ә., Сәрсенбаева М.Б. Педагогика (дәрістер жинағы) - Алматы, 2005;
9. Подласый И.П. Педагогика - Минск, 1996;
10. Харламов Н. Педагогика. –Москва, 1990.
11. Загвязинский В.И. Организация опытно-экспериментальной работы в школе. М.,1993.
12. Кыдыралин У., Кыдыралина Ж.У. Методика и техника научного исследования. Атырау, 2006
13. Методы системного педагогического исследования. Учебное пособие. М., 2002
14. Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования .-А. :Алем, 2000
15. Волков Б.С. Волкова В.Н. Методы исследования в психологии. М., 2002.
16. Лукпанова г. Внедрение науки как основа развития современной школы. А., 2000.
17. Методология педагогических исследований. / Под.ред. пискунова Г.А., Воробьева г.В.- М.,1980.
18. Хмель Н.Д. Диагностика педагогического процесса как условие развития творчества учителя. А.,1996.
19. Школа молодого ученого/Под.ред.Н.Д.Хмель.А. АГУ им. Абая,1999
20. Коджаспирова Г.М. Педагогика: Практикум и метод. материалы: Учеб. пособие.-М: ВЛАДОС,2003
21. Коджаспирова Г.М. Словарь по педагогике (междисциплинарный).- М:МарТ,2005.
22. Колесникова И.А. Педагогическое проектирование: Учеб. пособие.- М: Академия,2005.
23. Краевский В.В. Общие основы педагогики: Учеб.-М. :Академия,2005.-
24. Левина М.М. Технология профессионального педагогического образования: Учеб.пособ.-М.:Академия,2001.-272 с.
25. Лихачев Б.Т. Педагогика: Курс лекций. Учеб. пособ .-М. ЮРАИТ,1999.-

Қосымша әдебиеттер тізімі:

1. Френе/Сост. Б.Л.Вульфсон.-М.:Изд.Дом Ш.Амонашвили, 1996.-224
2. Введение в педагогическую деятельность:учеб.пособ./А.С.Роботовой.-М.:Академия,2004.
3. Гессен С.И. Основы педагогики: Введение в прикладную философию.Учеб.пособ.-М.:Школа-Пресс,1995.-448с.
4. Громкова М.Т. Психология и педагогика профессиональной деятельности: Учеб.-М.:ЮНИТИ-ДАНА,2003.-415 с.
5. Коджаспирова Г.М. Педагогический словарь:Учеб.пособ./Г.М.Коджаспирова, А.Ю. Коджаспиров.-2-е изд., ст. М., Академия,2005.
6. Коджаспирова Г.М. Педагогика:Практикум и метод. материалы: Учеб.пособие.-М:ВЛАДОС,2003.-416с.
7. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования:Учеб.пособ./Под ред.Е.С. Полат .-2 е изд., стер.-М.:Академия,2005.
8. Нурмакова М.С. Курсовая работа по педагогике:методические указания для ст-тов.-Уральск:ЗКГУ,2002.-17с.
9. Самоукина Н.В. Психология и педагогика профессиональной деятельности: Учеб.-М.:ТАНДЕМ,1999.-352с.
10. Слостенин В.А. Педагогика:Учеб.пособ./Под ред. В. А. Слостенина.-3-е изд., стер.-М.:Академия,2004.-576с.
- 11 Селиванов В.С. Основы общей педагогики: теория и методика воспитания: Учеб.пособ.-М.:Академия,2000.-336 с.
12. Сергеев И.С. Основы педагогической деятельности. СПб.:Питер,2004.-316с.
13. Словарь по социальной педагогике:Учеб. пособ. /Авт.сост Л.В. Мардахаев.-М.:Академия,2002.-368с.
14. Смирнов В.И. Общая педагогика:Учеб. пособ . /перераб.испр.и доп.-М.:Логос,2003.
15. Қазакша-орысша, орысша-казакша терминологиялық сөздік. Қазақско-русский, русско-казахский терминологический словарь. Педагогика және психология 5000-нан астам термин/Жалпы ред/ басқарған А.Қ.Құсайынов.-А.:Рауан, 2000

МАЗМҰНЫ:

1. Кіріспе	3
2. Студенттердің орындайтын ғылыми – зерттеу жұмыстарының түрлері	4
3. Ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша жүргізілетін студенттердің іс-тәжірибесі	6
4. Іс-тәжірибенің қорытынды есебі мен бағалау белгілері, есеп беру құжаттары	9
5. Курстық жұмысты орындау әдістемесі	10
6. Курстық жұмысты орындау қисыны	11
7. Курстық және дипломдық жұмыстың құрылымы	13
8. Библиографиялық ізденіс	16
9. Педагогикалық экспериментті жүргізу әдісі	19
10. Экспериментті ұйымдастыру және техникасы, әдісі	20
11. Курстық жұмыстардың құрылымы	21
12. Педагогика пәні бойынша курстық жұмыстың үлгісі	25
13. Қосымша 1	27
14. Қосымша 2	28
15. Қосымша 3	29
16. Қосымша 4	30
17. Әдебиеттердің және ақпарат көздерінің библиографиялық аппаратын жазу	31
18. Дипломдық жұмыстарды орындау әдістемесі	33
19. Дипломдық жұмысты орындау әдісі	34
20. Курстық және дипломдық жұмыстың негізі ретінде мұғалімнің мәдени шығармашылық зерттеулерінің қалыптасуы және ұйымдастыру әдістері.....	38
21. Курстық және дипломдық жұмыстарды орындауды ұйымдастыру.....	39
22. Білім беру ұйымдарында тәжірибелік-ізденіс жұмыстарын ұйымдастыру.....	40
23. Зерттеудің қисындық(логикалық) құрылымы	41
24. Зерттеудің объектісі және пәні, мақсат-міндеттері	43
25. Зерттеудің теориялық негізі	46
26. Зерттеу ізденісінің нәтижелілігі көрсеткіштері	50
27. Теориялық зерттеу әдістерінің мәні.....	51
28. Педагогикалық эксперимент	53
29. Экспериментті жоспарлау теориясы элементтері	57
Пайдаланылған әдебиеттер	59
Мазмұны	61

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 63 бет 5,25 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.